

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
**НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

**КӨП ҚАБАТТЫҚ, ТАС ҚОРШАУ
КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ
ЕСЕПТЕУ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ И РАСЧЕТ КАМЕННЫХ
МНОГОСЛОЙНЫХ ОГРАЖДАЮЩИХ
КОНСТРУКЦИЙ**

**ҚР НТҚ 06-01-1.1-2013
НТП РК 06-01-1.1-2013**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
- 4 **ЕНГІЗІЛДІ:** Алғашқы рет

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
- 4 **ВВЕДЕН:** Впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	V
1 Қолданылу саласы.....	1
2 Нормативтік сілтемелер.....	3
3 Терминдер мен анықтамалар	4
4 Белгілеулер мен қысқартулар	6
5 Негізгі ережелер	8
5.1 Тасты беткі қабаты бар сыртқы қабырғалардың жалпы сипаттамасы	8
5.2 Қалқалы желдетілетін қасбеті бар қабырғалардың жалпы сипаттамасы	13
6 Материалдар	15
6.1 Құрылыс тастары мен блоктар.....	15
6.2 Қалау ерітінділері.....	17
6.3 Тас қалау	17
6.4 Тас қалаудың қосымша элементтері	20
6.5 Асылмалы қасбеттерінің металл элементтері	20
6.6 Жылу оқшаулағыш материалдар	22
7 Беткі тас қабаты бар қабырғалардың конструктивті шешімдері.....	25
7.1 Тас қабырғаларды жалғау.....	25
7.2 Қабырғаларды аражабындармен және жабындармен түйіндістіру	32
7.3 Қабырғаларды іргетастармен түйіндістіру	33
7.4 Қабырғалардың қиылысуы.....	34
7.5 Терезе және есік ойықтары	34
7.6 Деформациялық жіктер	35
8 Тасты қаптама қабаты бар көп қабатты қабырғаларды есептеу.....	40
8.1 Жалпы ережелер.....	40
8.2 Тік жүктемелерге әсер етуді есептеу.....	41
8.3 Көлденең жүктемелердің әсерін есептеу	51
8.4 Температура әсерлерінен туындаған деформациясынан беткі қабатты есептеу	59
8.5 Анкер байланыстарын есептеу	62
8.6 Тірек кронштейндерін есептеу.....	64
9 Аспалы желдетілетін қасбеттердің конструктивті шешімдері.....	66
9.1 Қаптама асты қаңқасы	66
9.2 Консольдер.....	67
9.3 Қаптама	67
10 Аспалы желдетілетін қасбеттерді есептеу	67
10.1 Қапталған қаңқаны есептеу.....	67
10.2 Консольдерді есептеу.....	69
11 Жұмыстарды өндіру ережелер.....	71
11.1 Беткі тас қабаты бар қабырғалары	71
11.2 Аспалы желдетілетін қасбеті бар қабырғалар	74
А-қосымшасы (ақпараттық) Беткі тасты қабаты бар қабырғалардың конструктивті шешімдері	76
Б-қосымшасы (ақпараттық) Аспалы желдетілетін қасбеттердің конструктивті шешімдері	110

Библиография	120
--------------------	-----

КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық құрал «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» Акционерлік қоғамы («ҚазҚСҒЗИ» АҚ) дайындады.

Осы нормативтік-техникалық Құралда келтірілген:

– ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Арматураланған және арматураланбаған тас конструкцияларына арналған жалпы ережелер, 1-5-тарауларында келтірілген тасты көп қабатты қоршау конструкцияларды жобалау және есептеу қағидалары мен ережелері;

– ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 Жобалау шешімдері, материалдарды таңдау және тас конструкцияларын жасау 1-5-тарауларында келтірілген тасты көп қабатты қоршау конструкцияларды жобалау және есептеу қағидалары мен ережелері;

– ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 Арматураланбаған тас конструкцияларына ықшамдалған есеп әдістері, 1-5-тарауларында келтірілген тасты көп қабатты қоршау конструкцияларды жобалау және есептеу қағидалары мен ережелері;

– ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 Отқа төзімділігін анықтаудың жалпы ережелері, 2-5-тарауларында мазмұндалған қағидалар мен ережелерді дамытатын ережелер;

– Жобалау тәжірибесіндегі ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011, 2-5-тарауларындағы ережелерді суреттерімен қолданылатын мысалдары.

Осы нормативтік-техникалық Құралды әзірлеген кезде ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 ережелерінен басқа:

– ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Ұлттық қосымша ережелері;

– ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Құрылыс жобалау негіздері тиісті ережелері;

– ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 Болат конструкциялар;

– ҚР ҚН EN 1993-1-3:2006/2011 Болат конструкциялар. Суықтай қалыпталған элементтер және пішінделген табақтарға арналған қосымша ережелер;

– ҚР ҚН EN 1999-1-1:2005/2011 Алюминий конструкциялар;

– тасты көп қабатты қоршау конструкцияларды жобалау саласында мамандандырылған шетелдік ұйымдардың орындаған зерттеулер мен жобалық шешімдерінің қабылданған нәтижелері.

Осы құжатта тасты көп қабатты қоршау конструкцияларына қойылатын эксплуатациялық талаптар, қолданылатын материалдардың сипаттамалары, сонымен қатар тасты көп қабатты қоршау конструкцияларын есептеу және құрастыру әдістері келтірілген.

Әзірленген құрал ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 келтірілген талаптарды қолдану жөніндегі тәжірибелік құжат және тасты көп қабатты қоршау конструкцияларын есептеу және құрастыру жөніндегі қосымша материал болып табылады.

Осы нормативтік-техникалық құрал инженерлік-техникалық жұмысшыларға, жобалық өнімге тапсырыс берушілерге, оқытушыларға және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

Осы нормативтік-техникалық құрал Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде ерікті негізде қолдану үшін енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КӨП ҚАБАТТЫҚ, ТАС ҚОРШАУ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ
ЕСЕПТЕУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ И РАСЧЕТ КАМЕННЫХ МНОГОСЛОЙНЫХ
ОГРАЖДАЮЩИХ КОНСТРУКЦИЙ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы нормативтік-техникалық құрал ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 «Тас конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлімі. Арматураланған және арматураланбаған тас конструкцияларға арналған жалпы ережелер» ережелерін жетілдіру үшін құрастырылған және тасты көп қабатты қоршау конструкцияларды жобалау кезінде қолдануға арналған.

1.2 Осы нормативтік-техникалық құрал «Тасты көп қабатты қоршау конструкцияларды есептеу және жобалау» ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 келесі бөлімдерінде келтірілген қағидалар мен ережелерден тұрады және жетілдіреді:

- 1-бөлім «Жалпы ережелер»;
- 2-бөлім «Негізгі қағидалар мен ережелер»;
- 3-бөлім «Материалдар»;
- 4-бөлім «Есептеулерді жүргізу әдістемесі»;
- 5-бөлім «Конструкциялау».

1.3 ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 келтірілген қағидалар мен ережелер жалпы және арнайы болып бөлінеді.

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 1-5-тарауларында және осы нормативтік-техникалық құралда келтірілген қағидалар мен ережелер тас конструкциялары және олардың конструктивті элементтері үшін орталық болып табылады. Сонымен қатар құралда ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 арматураланған тас конструкцияларды жобалау және есептеу бөліміндегі негізгі ережелерге қатысты, сонымен қатар тас конструкцияларында материалдарға және көп қабатты қабырғаларға қойылатын талаптарды қолдану жөніндегі EN сериясының бір қатар стандарттарына қатысты түсіндірмелер беріледі.

Жалпы қағидалар мен ережелерді толықтыратын тасты көп қабатты қоршау конструкцияларды жобалаудың арнайы қағидалар мен ережелері:

– ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 1,2,3,4,5-тарауларында және көрсетілген тарауларға тиісті құралдарда келтірілген.

1.4 Осы құжаттың мақсаты тас көп қабатты қоршау конструкцияларын жобалау бойынша ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 қағидалары мен ережелерін түсіндіру болып табылады.

1.5 Осы нормативтік-техникалық Құрал:

– жобалық құжаттамаға тапсырыс берушілердің (мысалы, тасты көп қабатты қоршау конструкциялары бар ғимараттар инвесторларының);

- тас конструкцияларды жобалауды жүзеге асыратын мамандардың;
- тас конструкцияларды жобалау және құрылысы сапасын бақылауды жүзеге асыратын мамандардың;
- тиісті әкімшілік органдардың қолдануына арналған.

1.6 Оларға қойылатын талаптары тиісті нормативтерді әзірленгенге дейін ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 ескерілмеген тас конструкцияларын жобалауды арнайы зерттеулер нәтижелеріне негізделген арнайы техникалық шарттар негізінде жүзеге асырылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы нормативтік-техникалық Құралды қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Мерзімі көрсетілген сілтемелер үшін сілтеме құжаттардың тек көрсетілген баспасы ғана қолданылады, мерзімі көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтеме құжатының соңғы баспасын қолданылады (соның ішінде оның барлық өзгертулерімен бірге):

ҚР СТ 1.9–2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Қазақстан Республикасында халықаралық, өңірлік және шетелдік мемлекеттердің ұлттық стандарттарын, стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері.

ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 Күш түсетін конструкцияларға әсері ету. 1-2-бөлімі. Жалпы әсер ету. Конструкцияларға өрт кезіндегі әсерлер.

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Тас конструкцияларын жобалау. 1-1-бөлімі. Арматураланған және арматураланбаған тас конструкцияларға арналған жалпы ережелер.

ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 Тас конструкцияларын жобалау. 1-2-бөлімі. Өртке төзімділікті анықтаудың жалпы ережелері.

ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 Тас конструкцияларды жобалау. 2-бөлім. Жобалау шешімдер, материалдарды таңдау және тас конструкцияларын жасау.

ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 Тас конструкцияларын жобалау. 3-бөлім. Арматураланбаған тас конструкцияларға арналған арналған есептеудің жеңілдетілген әдістері.

ҚР СТ EN 771-1-2011 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 1-бөлім. Саз кірпіштер.

ҚР СТ EN 771-2-2011 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 2-бөлім. Силикатты құрылыс блоктары.

ҚР СТ EN 771-3-2011 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 3-бөлім. Бетоннан жасалған (тығыз және кеуекті толтырғыштарда) құрылыс блоктары.

ҚР СТ EN 771-4-2011 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 4-бөлім. Автоклавты ұяшықты бетоннан жасалған құрылыс блоктары.

ҚР СТ EN 771-5-2011 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 5-бөлім. Бетонды құрылыс блоктар.

ҚР СТ EN 771-6-2011 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 6-бөлім. Табиғи тастан жасалған блоктар.

ҚР СТ EN 845-1-2011 Таспен қалаудың қосымша құрылыс элементтеріне қойылатын талаптар. 1-бөлім. Қалаудың анкерлік байланыстары, тартқыш қапсырма шегелер, кронштейндер және ұстағыштар.

ҚР СТ EN 845-2-2011 Таспен қалаудың қосымша құрылыс элементтеріне қойылатын талаптар. 2-бөлім. Маңдайшалар.

ҚР СТ EN 845-3-2011 Таспен қалаудың қосымша құрылыс элементтеріне қойылатын талаптар. 3-бөлім. Қалаудың көлденең жігін металл тормен арматуралау.

ҚР СТ EN 998-2-2011 Таспен қалауға арналған құрылыс ерітіндісіне қойылатын талаптар. 2-бөлім. Қалау ерітіндісі.

ҚР СТ EN 10149-2-2012 Қысыммен суықтай өңдеуге арналған жоғары аққыштық шекті болаттан дайындалған ыстықтай жаймаланған тегіс бұйымдар. 2-бөлім. Термомеханикалық өңдеуге ұшыраған жаймаланған болатты жеткізу шарттары.

ҚР СТ EN 10149-3-2012 Суықтай қалыптау үшін жоғары аққыштық шекті болаттан дайындалған тегіс ыстықтай жаймаланған прокат. 3-бөлім. Жүйеленген немесе жүйеленген жаймаланған болатты жеткізу шарты.

ҚР СТ EN 10268-2011 Суықтай деформациялауға арналған жоғары аққыштық шегімен болаттан суықтай жаймаланған тегіс прокат. Техникалық жеткізу шарттары.

ҚР СТ ISO 4997-2012 Көміртекті конструкциялық болаттан жасалған суықтай созылған табак.

EN 846-10* Methods of test for ancillary components for masonry. Part 10. Determination of load capacity and load deflection characteristics of brackets (Тас қалаудың көмекші элементтерін сынау әдістері. 10-бөлім. Кронштейндердің күш әсерінен көтергіштік қабілеттілігін және иілуін анықтау).

EN 1015-11* Methods of test for mortar for masonry - Part 11: Determination of flexural and compressive strength of hardened mortar (Тас қалауына арналған құрылыс ерітінділері. Сынау әдістері. 11-бөлім. Қатып қалған құрылыс ерітіндісін иілу және сығу кезіндегі беріктілік шегін анықтау).

EN 1052-1* Methods of test for masonry. Determination of compressive strength (Тас қалауын сынау әдістері. 1-бөлім. Сығуға беріктікті анықтау).

EN 10346** Continuously hot-dip coated steel flat products. Technical delivery conditions. (Үздіксіз ыстықтай батыру арқылы алынған жабыны бар болат жалпақ бұйымдар. Техникалық жеткізу шарты).

DIN 1053-1* Masonry - Part 1: Design and construction (Кірпіш қалаулар. 1-бөлім. Есептеу және орындау).

ЕСКЕРТПЕ Осы нормативтік-техникалық Құралды қолданған кезде жыл сайын шығарылатын ағымдағы жылға күйі бойынша ақпараттық «Қазақстан Республикасының аумағындағы сәулет, қалақұрылысы және құрылысы саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізімінің», «Қазақстан Республикасының

стандарттау бойынша нормативтік құжаттардың көрсеткіші» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» бойынша сілтеме құжаттардың әрекет етуін мақсатты түрде тексеру. Егер

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

** EN 10292:2007, EN 10326:2004, EN 10327:2004 орнына қолданыста

сілтеме құжаты ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативтерді пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжаты ауыстырылмай өзгертілген болса, онда сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлімде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы нормативтік-техникалық құралда ҚР ҚН EN 1996–1–2:2005/2011 бойынша терминдер, сонымен қатар тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1 Тас қалауы (Masonry): Белгілі бір тәртіпте төселетін және ерітіндіні қолданумен жалғанған тастардан (блоктардан) тұратын конструкция.

3.2 Арматураланбаған тас қалауы (unreinforced masonry): Арматурасыз немесе арматураланған тас конструкцияларды есептеу кезінде белгіленген мөлшерден төмен мөлшерде арматура қосылған қалау.

3.3 Арматураланған тас қалауы (reinforced masonry): Олардың өзара әрекеті арқасында арматураланған тас конструкцияның барлық материалдары бірлесе жұмыс істейтін және әртүрлі әсерлерге кедергі тудыратын, ерітіндіге немесе бетонға бекітілген шыбықтар немесе торлардан тұратын қалау.

3.4 Алдын ала кернеулеген тас қалауы (prestressed masonry): Алдын ала кернеуленген арматураның көмегімен біркелкі ішкі сығылатын кернеу туындайтын қалау.

3.5 Тас қалауды байлау (masonry bond): Қалауда тастардың (блоктардың) өзара әрекеттесуге қол жеткізу мақсатында белгілі ережелер бойынша тұрақты ретпен орналасуы.

3.6 Нормативтік (сипаттамалық) беріктік (characteristic strength of masonry): Берілген ықтималдықтағы болжамды шектеусіз бас жиынтықта одан төмен тек сынақ нәтижелерінің 5 % ғана болуы мүмкін тас қалауы беріктігінің мәні. Бұл мән материалдың немесе қалаудың белгілі көрсеткіштері сынақтарының қабылданған статистикалық бөліну фрактилінің 5% сәйкес келеді. Жеке жағдайларда нормативтік беріктік ретінде номиналды беріктік алынады.

3.7 Тас қалаудың сығу беріктігі (compressive strength of masonry): Сынақтар кезінде, бойлық иілу және жүктеме эксцентриситеті болмаған жағдайда ол арқылы қалаудың стандартты элементіне жүктеме түсірілетін плитаның әсерін ескермеген жағдайдағы тас қалаудағы орталық сығуға беріктігі.

3.8 Тас қалаудың қию (жылжу) беріктігі (shear strength of masonry): Тас қалаудың қиылу (жылжу) күш салу әсері кезіндегі беріктігі.

3.9 Тас қалаудың иілу кезіндегі созылу беріктігі (flexural strength of masonry): Тас қалаудың таза иілу кезіндегі созылуға беріктігі (иілу моменті).

3.10 Қалаудың ілінісуінің адгезиялық беріктігі (адгезия) (adhesion): Ерітінді мен тастардан немесе блоктардан жасалған қалаудың түйіспе бетінің арасында туындайтын созылу немесе сығылу (жылжу) кедергісі.

3.11 Тас (блок) (masonry unit): Тас қалауда қолдануға арналған алдын ала өндірілген элемент.

3.12 Тастар (блоктар) 1, 2, 3 және 4-тобы (groups 1, 2, 3 and 4 masonry units): Тастар (блоктар) тобын қуыстардың пайыздық үлесі және төсегеннен кейінгі құрылыс блоктарындағы олардың орны (3.1.1(3), 3.1.1(4) және ҚР ҚН EN 1996-1-1 3.1-кестесін қараңыз) бойынша белгілеу.

3.13 Қуыс (hole): Тас (блок) арқылы түгел немесе жартылай өтетін тастағы (блоктағы) бос кеңістік.

3.14 Қармауға арналған ойық (griphole): Қармауға және бір немесе екі қолмен немесе аспаптың көмегімен көтеруге арналған тастағы (блоктағы) ойық.

3.15 Тастың (блоқтың) ішкі қабырғасы (web): Тастың (блоқтың) қуыстары арасындағы тас (блок) материалынан жасалған бөлетін қабырға.

3.16 Тастың (блоқтың) сыртқы қабырғасы (shell): Тастың (блоқтың) қуыстары арасындағы тас (блок) материалынан және оның сыртқы бетінен жасалған бөлетін қабырға.

3.17 Тастардың (блоктардың) сығу беріктігі (compressive strength of masonry units): Тастардың (блоктардың) белгіленген мөлшерін сығудағы беріктігі (EN 771-1 – EN 771-6 қараңыз).

3.18 Қалау ерітіндісі (masonry mortar): Бір немесе бірнеше бейорганикалық тұтқыштардан, толтырғыштардан және судан, қажеттілігіне қарай қалаудың көлденең, тік қалауларда және бойлық жіктері үшін, жіктерді тегістеу және түптеу үшін қолданылатын қоспалар және/немесе толтырғыштардан тұратын қоспа.

3.19 Жалпыға арналған ерітінді (general purpose masonry mortar): Ерекше қасиеттері жоқ ерітінді.

3.20 Жарамдылықты бағалау жөніндегі қалау ерітіндісі (designed masonry mortar): Дайындаушы ерітіндінің белгілі қасиеттеріне қол жеткізетіндей етіп дайындау құрамын және технологиясын таңдайтын ерітінді (жарамдылықты бағалау жөніндегі шешім).

3.21 Болат арматура (reinforcing steel): Созылу және сығылу күштерін қабылдауға арналған тас конструкцияларда қолданылатын болат арматурадан жасалған сызықты созылған элементтер.

3.22 Көлденең жіктерді арматуралауға арналған арматуралық торлар (арматуралық бұйымдар) (bed joint reinforcement): Қалаудың көлденең жіктеріне төселетін арматура сымнан жасалған торлар, жазық арматуралық қаңқалар.

3.23 Гидрооқшаулағыш қабат (damp proof course): Судың енуіне қарсы әрекет үшін қалауда жасалатын гидрооқшаулағыш материалдан, тас қалау элементтерінің және басқа материалдардан жасалған қабат.

3.24 Тас қалаудың байланысы (байланыс құрылғысы) (wall tie): Екі қабатты тас қалау қабаттарын жалғауға немесе көтергіш қабырғасы немесе қаңқасы бар бір (соның ішінде қапталған) қабатты жалғауға арналған тас қалауының элементі, болат шыбық, арматуралық бұйым, полимерлі материалдардан жасалған бұйым.

3.25 Анкер (анкерлік құрылғы), тартқыш (strap): Аражабындар немесе жабын конструкцияларымен тас қалауы элементтерін (қабырғалар, бағандар) жалғауға арналған құрылғы.

3.26 Көтергіш қабырға (loadbearing wall): Сығылу кернеулеріне ұшырайтын және тік (мысалы, жабудың уақытша жүктемелері), сондай-ақ көлденең (мысалы, жел) жүктемелерді қабылдауға арналған қабырға.

3.27 Көтергіш емес қабырға (non-loadbearing wall): Тек өз салмағымен ғана жүктелген және көтергіш қабырғаларды байланыстыру үшін қолданылмайтын қабырға. Ғимараттың көтергіш көлденең жүктемелерін тең дәрежеде қабырғаларға, сондай-ақ үстіңгі жабындарға жіберу үшін қолданылады.

3.28 Бір қабатты қабырға (single-leaf wall): Аралық кеңістігі жоқ немесе оның жазықтығындағы тесіксіз тік жіктері жоқ қабырға

3.29 Ауа саңылаусыз қос қабатты қабырға (double-leaf wall): Түгел ерітіндімен толтырылған тік жіктері бар екі параллель қабаттан тұратын, жүктемедегі екі қабаттың өзара әсерін қамтамасыз ететін байланыстармен (анкерлермен) жалғанған қабырға.

3.30 Ауа саңылаулы қос қабатты қабырға (cavity wall): Бос аралық кеңістігі бар, екі параллель бір қабатты қабырғадан тұратын қабырға

3.31 Бір қабатты қаптаманы қалау (faced wall): екі қалау да жүктемемен өзара әрекет ететіндей етіп қабырғаның ішкі қабатын қалау арқылы байлауға қойылған қаптама тастардан (блоктардан) жасалған қалау.

3.32 Қаптама (сәндеу) қабаты бар қос қабатты қабырға (veneer wall): Қаптама қабатын иілгіш байланыстардағы қабырғаның көтергіш қабатына бекітетін тастардан (басқа қаптама материалдары) дайындалған қаптама (декоративтік) қабаты бар қос қабатты қабырға. Қаптама қабаты қабырғаға әсер ететін жүктемені қабылдамайды.

3.33 Деформациялық жік (movement joint): Қалау жазықтығындағы еркін жылжуына мүмкіндік беретін жік.

4 БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құралда ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 бойынша белгілеулер, сонымен қатар келесі белгілеулер қолданылды:

Латын әріптері

A – қабырғаның көлденең қимасының жалпы ауданы;

A_s – сығылған немесе созылған бойлық арматураның көлденең қимасының ауданы;
– ені (көлденең қимасының ені);

d – көлденең қиманың жұмыстық биіктігі;

e_{he} – көлденең жүктемелерден қабырға жоғарғы бөлігіндегі немесе негізіндегі эксцентриситет;

e_i – қабырғаның жоғарғы бөлігіндегі немесе негізіндегі нәтижелеуші (жалпы есептік) эксцентриситет;

e_{init} – бастапқы (кездейсоқ) эксцентриситет;

E – тас қалаудың қысқа мерзімді серпімділік модулі қиюшы модуль ретінде;

$E_{longterm}$ – жүктеменің ұзақ әсері кезінде тас қалаудың серпімділік модулі;

E_n – элемент конструкциясының серпімділік модулі n ;

f_b – жүктеме бағытында тастың келтірілген (қалыпқа түсірілген) сығылу кедергісі;

f_d – тас қалаудың сығылуға есептік кедергісі;

f_k – тас қалаудың сығылуға нормативтік кедергісі;

f_m – қалау ерітіндісінің сығылу беріктігі;

f_{xd} – иілудің тиісті бағытында иілу кезінде созылуға есептік кедергі;

f_{xd1} – көлденең жікке параллель жазықтықта (байланбаған қима бойынша) тас қалаудың иілуі кезіндегі есептік созылу кедергісі;

$f_{xd1,app}$ – көлденең жікке параллель жазықтықта (байланбаған қима бойынша) тас қалаудың иілуі кезіндегі тас қалаудың созылуға жоғары есептік кедергісі;

- f_{xk1} – көлденең жікке параллель жазықтықта (байланбаған қима бойынша) тас қалаудың иілуі кезіндегі нормативтік созылу кедергісі;
- f_{xd2} – көлденең жікке перпендикуляр жазықтықта (байланған қима бойынша) тас қалаудың иілуі кезіндегі есептік созылу кедергісі;
- $f_{xd2,app}$ – көлденең жікке перпендикуляр жазықтықта (байланған қима бойынша) тас қалаудың иілуі кезіндегі жоғары есептік созылу кедергісі;
- f_{xk2} – көлденең жікке перпендикуляр жазықтықта (байланған қима бойынша) тас қалаудың иілуі кезіндегі нормативтік созылу кедергісі;
- F_d – сығылу және созылу кезінде анкер (байланысқан құрылғы) беріктігінің есептік мәні;
- G – тас қалауының жылжу модулі;
- h – қабат бойымен көрінетін биіктік;
- h_i – қабат бойымен көрінетін биіктік i ;
- h_{ef} – қабырғаның есептік (тиімді) биіктігі;
- I_j – конструкция элементінің инерция моменті j ;
- K – тас қалаудың сығылу кедергісін есептеуде қолданылатын коэффициент;
- l – қабырға бөлігінің ұзындығы (көлденең қабырғалар арасында, көлденең қабырға және қуыс арасында немесе қуыстар арасында);
- M_{Rd} – иілген кездегі қима беріктігі;
- M_{Ed} – қолданыстағы иілу моментінің есептік мәні;
- M_{Edu} – аражабын үстіңдегі иілу моментінің есептік мәні;
- M_{Edf} – аражабын астындағы иілу моментінің есептік мәні;
- n – қабаттар саны;
- n_i – шыбық қаттылығының коэффициенті;
- n_t – қабырғаның 1 м^2 ауданына байланыстар немесе жалғаулар саны;
- n_{tmin} – қабырғаның 1 м^2 ауданына байланыстардың немесе жалғаулардың минималды саны;
- N_{id} – қабырғаның жоғарғы бөлігіне немесе негізіне түсетін тік жүктеменің есептік мәні;
- N_{md} – биіктігі бойынша ортасында қолданылатын тік жүктеменің есептік мәні;
- N_{Rd} – бойлық күштің әсерінен қалаудан жасалған қабырға немесе бағананың есептік қимасының беріктігі;
- N_{Ed} – қолданыстағы тік жүктеменің есептік мәні;
- N_{Edf} – тірек ауданы бойынша аражабыннан түсетін жүктеменің есептік мәні;
- t – қабырға қалыңдығы;
- t_i – i -ші қабырға қалыңдығы ;
- t_{min} – қабырғаның минималды қалыңдығы;
- t_{ef} – қабырғаның тиімді қалыңдығы;
- w_i – біркелкі бөлінген i жүктеме шамасының есептік мәні;
- W_{Ed} – аудан бірлігіне түсетін көлденең жүктеме шамасының есептік мәні;
- x – қиманың сығылған аймағының биіктігі;
- z – иілу моменті немесе орталықтан тыс сығу әсері кезінде арматураланған тас элементі қимасындағы күштердің ішкі жұбының иіні;
- Z – қабырғаның ұзындық немесе биіктік бірлігіне қима кедергісінің серпімділік модулі.

Грек әріптері

α – тас қалаудың сызықтық температуралық деформацияларының коэффициенті;
 $\alpha_{1,2}$ – иілу моментінің коэффициенті;
 β – жапырылуға (жергілікті сығылу) есептеген кездегі бет бөлігіне жүктемелер кезіндегі жоғарлаушы коэффициент;
 χ – арматураланған қабырғаларды кесу (жылжыту) кезіндегі қалау беріктігінің жоғарлаушы коэффициенті;
 σ – тастардың (блоктардың) сығылуға нормаланған орташа беріктігін анықтау үшін қолданылатын пішін коэффициенті;
 ε_{mu} – тас қалаудың сығылу кезіндегі салыстырмалы деформациясының шекті мәні;
 ε_{sy} – арматуралық болаттың аққыштық шегіне тең кернеу кезіндегі арматураның салыстырмалы деформациясы;
 Φ – болат арматураның тиімді диаметрі;
 Φ_{∞} – тас қалауы үшін жылжу коэффициентінің шекті мәні;
 Φ – азайту коэффициенті;
 Φ_1 – бастиекте немесе қабырға негізінде иілгіштіктің азаю коэффициенті;
 μ – модель қателіктерін және шаманың ауытқуын ескере отырып, конструкция элементінің көрсеткіші үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті;
 μ – екі ортогоналды бағыттарда моменттердің әсері кезінде иілу беріктігін есептеген кездегі тас қалау беріктігі қатынасының коэффициенті;
 ρ_d – құрғақ күйдегі тығыздығы.
 σ_d – сығудың есептік кернеуі.

5 НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Тасты беткі қабаты бар сыртқы қабырғалардың жалпы сипаттамасы

5.1.1 Көтергіш және өздігінен көтергіш көп қабатты сыртқы қабырғаларды ішкі тасты қабат, сыртқы беткі тасты қабат және арасы жылу оқшаулағыш материалмен толтырылған немесе толтырылмаған ауа саңылауы түрінде жобалау керек (5.1-сурет). Көтергіш немесе өздігінен көтергіш тасты көп қабатты ішкі қабырғаларды араларына дыбыс оқшаулағыш материал орналасатын екі тасты қабатымен жобалау керек.

5.1.2 Сыртқы көтергіш тасты көп қабатты қабырғалардағы барлық тік және көлденең жүктемелер ішкі тасты қабатпен қабылдануы тиіс. Бұл жағдайда сыртқы тасты беткі қабат өз салмағын, жел жүктемесінің бөлігін немесе жертөле қабырғаларындағы топырақтың бүйірлік қысымын қабылдауы және ішкі қабаттарды қоршаған ортаның атмосфералық және агрессивтік әсерлерінен сақтауы тиіс. Ішкі көтергіш тас қабырғаларда екі тасты қабат көтергіш функцияларын орындауы тиіс.

5.1.3 Қаңқа ғимараттарын толтыратын сыртқы өздігінен көтергіш тасты көп қабатты қабаттарда барлық қабаттардың өз салмағынан түсетін тік жүктемелері жабын плиталарына, ал көлденең жүктемелер ұстындарға немесе ішкі тасты қабат бекітілетін қаңқаның көлденең қабырғаларына берілуі тиіс.

5.1.4 Тасты беткі қабат жел жүктемесінің әсерінен созылатын немесе сығылатын күшті қабылдайтын және температура әсерінен туындаған беткі қабаттың көлденең және


тік деформациясын қамтамасыз ететін көлденең анкерлі байланыстардың көмегімен ішкі тасты қабатпен жалғануы тиіс (5.2-сурет). Осыған байланысты темірбетонды иіндер, маңдайшалар арқылы немесе тік қалау қатарларын байлау арқылы беткі және ішкі тасты қабаттарды біріктіруге жол берілмейді. Ішкі қабырғалардың таты қабаттары өзара иілгіш көлденең анкерлі байланыстармен біріктірілуі тиіс.

5.1.5 Жылытқыш қалыңдығын суық көпірі арқылы жылу жоғалтуды ескере отырып, жылу техникалық есептеулерге сәйкес қабылдау керек. Қалыңдығы 25 мм кем емес желдетілетін саңылау жылытқыш және тасты беткі қабат арасында орналасуы және қабырғаның барлық биіктігі бойынша үздіксіз болуы тиіс. Ауа алмастырғыштың нәтижесінде желдетілетін саңылау жылытқышта және беткі қабатта ылғалдың жиналуының алдын алуы тиіс, осыған байланысты соңғысында желдету арналары және су қайтарғыш тесіктер қарастырылуы тиіс (5.3-сурет). Соңғылары ретінде қалау ерітіндісімен толтырылмаған тік ерітінді жіктері болуы мүмкін (осы Құралдың қосымшасындағы А.18 және А.37-суреттерін қараңыз).

5.1.6 Ауа саңылауының болуы немесе болмауы климаттық жағдайларға байланысты және талап етілген ғимараттың жылу-ылғалды күйінің есептеулеріне негізделуі тиіс. Жылу оқшаулағышсыз және желдетілмейтін ауа саңылауы бар көп қабатты қабырғаларды жобалау олардың төменгі жылу техникалық қасиеттеріне (жылу оқшаулағышы бар ауа саңылауымен салыстырғанда) және әсіресе жиі жаңбырлы және ылғалды климатты өңірлердегі қабырғалардың ылғалдануына байланысты қолайсыз болып табылады.

5.1.7 [8.1.2] Ішкі көтергіш тасты қабаттың минималды қалыңдығы t_{min} оның орнықтылығын қамтамасыз етуі және ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес статикалық есептеулердің нәтижелеріне сәйкес келуі тиіс. t_{min} мәні ұлттық қосымшада белгіленген.


5.1.8 [5.5.5(11)] Қаңқа ғимаратын толтыратын өздігінен көтергіш ішкі тасты қабаттың минималды қалыңдығы қаңқаның тік және көлденең көтергіш элементтеріне қабатты бекіту тәсіліне байланысты жел жүктемесінің әсеріне статикалық есеппен анықталуы тиіс.



1 – конструкциялық тасты қабат, 2 – беткі тасты қабат, 3 – анкерлі байланыс,


4 – желдетілетін ауа саңылауы, 5 – жылытқыш, 6 – дыбыс оқшаулағыш материал

5.1-сурет – тасты көп қабатты қабырғалардың тік қиықтары: а) – жылытқышсыз желдететін саңылауымен, б) – жылытқышы бар желдетілетін саңылауымен, в) – жылытқышы бар желдетілетін саңылаусыз, г) – пәтер аралық ішкі қабырға [9]



1 – ішкі тасты қабат, 2 – беткі тасты қабат, 3 – байланыстыратын Z-тәрізді анкер, 4 – жылытқыш қабаты, 5 – желдетілетін ауа саңылауы, 6 – тамшылатқыш, 7 – жылытқыш қалпын тұрақтандыратын сығу сақинасы

5.2-сурет – Анкерлі байланыстардың көмегімен тасты көп қабатты қабырғалардың беткі және ішкі қабаттарын біріктіру [9]



1 – аражабын үстіндегі төменгі желдету арнасы, 2 – аражабын астындағы жоғарғы желдету арнасы

5.3-сурет – Желдетілетін саңылауы бар көп қабатты қабырғалардың беткі қабатында (қабырғаның 1 қума метріне жалпы көлемі 10 см^2 астам) желдету арналарының орналасуы [8]

5.1.9 5.5.5(11) ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес біркелкі емес контурлері бар немесе үлкен ойықтары бар қабырғаларды есептеуді плиталардағы моменттерді қабылданған есептеу әдістері бойынша тас қалау анизотропиясын ескеру арқылы жүзеге

асыруға жол беріледі, мысалы, соңғы элементтер әдісі немесе сынық сызығына ұқсас әдіс (шектік тепе-теңдік әдісі бойынша). Көрсетілген әдістермен белгіленген терезе және есік ойықтарының толтыратын қабырғалардың максималды ауданының болжамды мәндері [7].

5.1.10 Беткі қабат материалдарына суыққа төзімділік бойынша жоғары талаптар қолданылуы тиіс. Беткі қабатты толық құйма балшық кірпіштен орындау керек. Ылғалды режимді үй-жай қабырғаларының беткі қабаты үшін силикатты кірпішті, тастарды және ұяшықты бетондардан жасалған блоктарды пайдалануға жол берілмейді [3].

5.1.11 Қалаудың беткі қабатындағы арматуралаушы торлар тот баспайтын болаттан немесе басқа коррозияға төзімді материалдардан жасалуы тиіс. Мырышты жабын гальванизация әдісімен ваннада жағылуы тиіс және салмағы кемінде 1 кг/м^3 болуы тиіс.

5.1.12 Егер ішкі қабат және беткі қабат арасында жылытқыш орнатылмаса, онда ішкі қабат қалауының суыққа төзімділігі беткі қабат қалауына қарағанда бір сатыға төмен болуы керек.

5.1-кесте - DIN 1053-1 сәйкес биіктігі H және ұзындығы L сыртқы қабырғалардың қаңқасын таспен толтырудың максималды ауданы [7]

Қабырға қалыңдығы мм	Қабырғаның жер деңгейінен орналасу биіктігі								
	0 ÷ 8 м			8 ÷ 20 м			20 ÷ 100 м		
	H/L = 0,5	H/L = 1,0	H/L = 2,0	H/L = 0,5	H/L = 1,0	H/L = 2,0	H/L = 0,5	H/L = 1,0	H/L = 2,0
Төрт жағынан қаңқаға бекітілген қабырғалар									
175	22	20	22	13	13	13	9	9	9
240	38	36	38	25	23	25	18	16	18
≥ 300	60	54	60	38	35	38	28	25	28
Үш жағынан қаңқаға бекітілген қабырғалар (жоғарғы жағы бекітілмеген)									
175	8	10	16	-	-	-	-	-	-
240	16	20	30	10	12	18	-	-	-
≥ 300	25	30	45	16	20	28	12	15	20

5.1.13 Иілгіш байланыстары бар көп қабатты қабырғалардың ішкі қабаты тік жүктемелерден басқа желдік жүктемелердің кедергісін қамтамасыз етуі тиіс. Осыған байланысты қаңқа ғимараттарында ол жабындарға немесе қаңқаның тік элементтеріне бекітілуі тиіс. Бұл жағдайда көлденең деформациялық жіктермен қабат бойынша жіктестіру кезінде аражабындардан түсетін жүктеме бекіту элементтері арқылы ішкі қабат қалауына берілмеуі тиіс [3].

5.1.14 Ішкі қабат қалауы беткі қабатқа иілгіш байланыстар, тастардан және арматура торларының көмегімен немесе қабаттарды байланыстыру негізі кезінде бекітілетін беткі қабаттан түсетін жүктемені қабылдайтындай есеппен сәйкесінше маркалы ерітіндіден орындалуы тиіс.

5.1.15 Металл құймасының жоғарғы жағындағы қабырға қабаттары арасындағы кеңістіктегі ауа қабаты болған кезде қуысқа судың түсуін қайтаруға арналған гидроокшаулау қабатын салу керек. Бұл үшін төменгі қатарда ерітіндімен толтырылмаған беткі қабат қалауының орналастырылатын тік жіктерін қолдануға болады (осы Құралдың қосымшасындағы А.18 және А.37-суреттерін қараңыз).

5.1.16 Сыртқы аражабын шетжағына керамикалық плитаны, кесілген кірпішті немесе басқа әрлеу элементтерін жапсыруға жол берілмейді [3].

5.1.17 ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 нормаларында таспен қапталған көп қабатты қабырғалар үшін ғимараттың қабаттық шектеулері, сонымен бірге, сейсмикалық әсерлерді есепке алу арқылы оларды жобалау бойынша нұсқаулықтар жоқ.

5.2 Қалқалы желдетілетін қасбеті бар қабырғалардың жалпы сипаттамасы

5.2.1 Желдетілетін қасбеттерді жобалау кезінде келесі факторларды ескеру керек:


- ғимараттың ерекшелігін (арналуы, қабаты, пайдалану режимдері, көтергіш қабырғалардың түрі),

- құрылыстың климаттық шарттары және тығыздығы (басым желдің жылдамдығы, инсоляция, температура, жаңбыр мөлшері),

- сейсмикалық шарттар.

5.2.2 Әрлендіруден басқа аспалы желдетілетін қасбеттердің негізгі функциясы ғимараттың сыртқы жағынан бекітілген жылытқышты қорғау болып табылады.

5.2.3 Аспалы желдетілетін қасбеті бар тасты көп қабатты қабырғаларды консольдердің көмегімен тасты көтергіш қабатқа бекітілген қаптама металл қаңқаны қолдану арқылы жобалау керек (5.4-сурет). Тікелей тас қабатқа қалыңдығы жылу техникалық есептеумен анықталатын жылытқыш қабаты бекітіледі. Жылытқыш сыртқы жағынан жанбайтын үлдірлі материалдардан жасалған бу өткізгіш желден судан қорғайтын мембранамен қорғалуы тиіс.




1 – қаптама металл қаңқа, 2 – қаптама плиталар, 3 – желдетілетін саңылаудағы ауа ағыны,
4 – мембранамен қорғалған жылытқыш


5.4-сурет – Желдетілетін аспалы қасбеті бар тас қабырға көрінісі

5.2.4 Қаптама қабаты мен жылытқыш арасында желдетілетін ауа саңылауы орналасуы тиіс. Соңғысының қызметі үй-жайдың ішінен тұрақтандырып тұратын су буларын қайтару және қабырғалардың ішінен және сыртынан жылу ағындарын тұрақтандыру болады (5.5-сурет).

5.2.5 Металл консоль және көтергіш қабырға арасындағы суық көпірлерін алып тастау үшін жылу окшаулағыш материалдардан жасалған төсемдер орналасуы тиіс (5.6-сурет).



5.5-сурет – Желдетілетін аспалы қасбеті бар қабырғалардағы жылудың-ылғалдың алмасу сызбасы [5]



1 – көтергіш тас қабырға, 2 – консольді бекіту дюбелі, 3 – негізгі консоль,
4 – жылу оқшаулағыш төсем, 5 – жылытқыш, 6 – тік профильді бекіту, 7 - көмекші консоль,
8 - қапталған көтергіш конструкция, 9 – қаптаманы бекіту, 10 – қаптама плитасы

5.6-сурет – Желдетілетін аспалы қасбет көрінісі [5]

6 МАТЕРИАЛДАР

6.1 Құрылыс тастары мен блоктар

6.1.1 Тасты көп қабатты қабырғаларды дайындау үшін тастар мен блоктардың келесі түрлерін қолдану керек:

- ҚР СТ EN 771-1 сәйкес керамикалық кірпіш және блоктар;
- ҚР СТ EN 771-2 сәйкес силикатты кірпіш және блоктар;
- ҚР СТ EN 771-3 сәйкес тығыз және кеуекті толтырғыштары бар бетоннан жасалған блоктар,

- ҚР СТ EN 771-4 сәйкес ұяшықты бетоннан жасалған блоктар;

- ҚР СТ EN 771-5 сәйкес зауытта шығарылған бетон блоктар;

- ҚР СТ EN 771-6 сәйкес табиғи тастан дайындалған блоктар.

6.1.2 Бос көлеміне байланысты тастар блоктар 1, 2, 3 және 4-топтары бойынша жіктеледі (6.1-кесте). Ұяшықты бетоннан дайындалған блоктар, бетон блоктар және табиғи тастан дайындалған блоктар 1-топқа жатқызылады. Есептеу параметрлерін анықтау кезінде дайындаушы белгілейтін немесе ҚР СТ EN 772-1 бойынша есептейтін тастар мен блоктардың берілген (жүйеленген) сығу беріктігін f_b қабылдау керек. Қайта есептеуді блоктардың өлшемдерінің вариациясына байланысты коэффициентті қолдану арқылы жүргізеді.


**6.1-кесте – Тастар мен блоктарды жіктеуге қойылатын геометриялық талаптар
(ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 3.1.1(4)-тармағы)**

	Тас немесе блок материалы және жіктеу шектері				
	1-топ (барлық тастар мен блоктар)	Тас немесе блок түрі	2-топ	3-топ	4-топ
			Тік қуыс көлемі		Көлденең қуыс көлемі
Қуыстардың жалпы көлемі (% тас немесе блок көлеміне)	≤ 25	Кірпіш	> 25; ≤ 55	≥ 25; ≤ 70	> 25; ≤ 70
		Силикатты блок	> 25; ≤ 55	Қолданылмайды	Қолданылмайды
		Бетон ^{b)}	> 25; ≤ 60	> 25; ≤ 70	> 25; ≤ 50
Жеке қуыстар көлемі (% тас немесе блок көлеміне)	≤ 12,5	Кірпіш	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 2; блоқты қармауға арналған ойық 12,5 дейін	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 2; блоқты қармауға арналған ойық 12,5 дейін	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 30
		Силикатты блок	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 15; блоқты қармауға арналған ойық 30 дейін	Қолданылмайды	Қолданылмайды
		Бетон ^{b)}	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 30; блоқты қармауға арналған ойық 30 дейін	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 30; блоқты қармауға арналған ойық 30 дейін	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 25

**6.1-кесте - Тастар мен блоктарды жіктеуге қойылатын геометриялық талаптар
(ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 3.1.1(4)-тармағы) (жалғасы)**

	Тас немесе блок материалы және жіктеу шектері							
	1-топ (барлық тастар мен блоктар)	Тас немесе блок түрі	2-топ		3-топ		4-топ	
			Тік қуыс көлемі				Көлденең қуыс көлемі	
Сыртқы және ішкі қабырғалардың қалыңдығының белгіленген мәні (мм)	Жүйелен- беген		Ішкі қабырға	Сыртқы қабырға	Ішкі қабырға	Сыртқы қабырға	Ішкі қабырға	Сыртқы қабырға
		Кірпіш	≥ 5	≥ 8	≥ 3	≥ 6	≥ 5	≥ 6
		Силикатты блок	≥ 5	≥ 10	Қолданылмайды		Қолданылмайды	
		Бетон ^{b)}	≥ 15	≥ 18	≥ 15	≥ 15	≥ 20	≥ 20
Сыртқы және ішкі қабырғалардың жалпы қалыңдығының белгіленген мәні ^{a)} (% блок еніне)	Жүйелен- беген	Кірпіш	≥ 16		≥ 12		≥ 12	
		Силикатты блок	≥ 20		Қолданылмайды		Қолданылмайды	
		Бетон ^{b)}	≥ 18		≥ 15		≥ 45	
<div><div>^{a)} Қабырғалардың жалпы қалыңдығы көлденеңінен өлшенген және негізгі бағытта жиынтықталған сыртқы және ішкі қабырғалардың қалыңдығы болып табылады.</div><div>^{b)} Кесілген қуыстар немесе қимасы сопақша немесе дөңгелек пішімді қуыстар кезінде қабырғалар қалыңдығының орташа мәнін қолданады.</div></div>								

6.1.3 Қабырғалардың төзімділігін арттыру үшін беткі қабат қалауы суыққа төзімді толық құйма тастардан немесе төменгі қуысты тастардан тұрғызылуы тиіс (6.1-сурет)



6.1-сурет Беткі қабатты қалауға арналған керамикалық тастардың түрлері:

а) – ұсынылған қуыстылығы 15 % дейінгі, б,в,г) – ұсынылмаған жоғары қуысты тастар [1,3]

6.2 Қалау ерітінділері

6.2.1 Тас конструкцияларды тұрғызу үшін көлемді салмағы 1500 кг/м^3 кәдімгі ерітінділерді, көлемді салмағы 1500 кг/м^3 кем жеңіл ерітінділерді және қалыңдығы (0,5 – 3) мм жұқа жіктерге арналған желім ерітінділерді қолдану керек. Зауыт дайындаған ерітінділер және зауыт дайындаған құрғақ ерітінді қоспалары ҚР СТ EN 998-2 сәйкес келуі тиіс. Құрылысқа дайындалған ерітінділер ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 сәйкес келуі тиіс.

6.2.2 [3.2.1(4)] Жалпы мақсаттағы қалау ерітінділері ҚР СТ EN 998-2 сәйкес рецепт бойынша берілген ерітінділер, немесе ҚР СТ EN 998-2 сәйкес жарамдылықты бағалау бойынша ерітінділер болуы мүмкін. Жұқа қабатпен жағылған ерітінділер және жеңіл ерітінділер ҚР СТ EN 998-2 сәйкес жарамдылықты бағалау бойынша ерітінділер болуы тиіс.

6.2.3 Қалау ерітіндісінің сығылу беріктігі f_m ҚР СТ EN 1015-11 сәйкес анықталады. Арматураланған тас қалауға арналған ерітіндінің сығылуға минималды беріктігі f_m 4 МПа және көлденең жіктерді жанама арматураланатын тас қалау үшін кемінде 2 МПа құруы тиіс.

6.3 Тас қалау

6.3.1 [3.6.1.2] Тас қалауының сығудағы нормативтік кедергісі f_k EN 1052-1 сәйкес оны сынау нәтижелері бойынша немесе ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 3.6.1.2(2)-тармағында берілген келесі формулалар бойынша анықталуы тиіс:

– қарапайым және жеңіл ерітіндіні қолдану арқылы тас қалау үшін

$$f_k = K \cdot f_b^{0,7} \cdot f_m^{0,3}, \quad (6.1)$$

– қалыңдығы 0,5 бастап 3 мм дейін жұқа қабатпен төселетін ерітіндіні және 1 және 4-топтардағы керамикалық кірпішті, силикатты кірпіштерді, бетон блоктарын немесе ұяшықты бетоннан дайындалған блоктарды қолдану арқылы тас қалау үшін

$$f_k = K \cdot f_b^{0,85}, \quad (6.2)$$

– қалыңдығы 0,5 бастап 3 мм дейін жұқа қабатпен төселетін ерітіндіні және 1 және 4-топтардағы керамикалық кірпішті, силикатты кірпіштерді, бетон блоктарын немесе ұяшықты бетоннан дайындалған блоктарды қолдану арқылы тас қалау үшін

$$f_k = K \cdot f_b^{0,7}, \quad (6.3)$$

мұндағы f_b – тастың (блоктың) сығуда келтірілген (қалыпқа келтірілген) кедергісі, МПа,

f_m – қалау ерітіндісінің сығу беріктігі, МПа,

K – келесі талаптарды орындаған жағдайда осы құралдың 6.2-кестесі бойынша қабылданған коэффициент:


- тас қалау ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес орындалған;
- барлық жіктер ерітіндімен толық толтырылған ретінде саналады;
- жалпы арнаудағы ерітіндіні қолданған кезде f_b 75 МПа аспауы тиіс;
- жұқа қабатпен төселетін ерітіндіні қолданған кезде f_b 50 МПа аспауы тиіс;
- жалпы арнаудағы ерітіндіні қолданған кезде f_m 20 МПа немесе $2f_b$ аспауы тиіс;
- жеңіл ерітіндіні қолданған кезде f_m 10 МПа аспауы тиіс;
- тас қалауынан жасалған қабырға қалыңдығы тастың немесе блоктың еніне немесе ұзындығына сәйкес келеді, яғни қабырғалардың параллель жазықтығында ерітінділі жігі болмайды;
- тас немесе блок беріктігі вариациясының коэффициенті 25 % аспайды.

6.3.2 [3.6.1.2(2)] Қабырғаның немесе оның бөліктерінің бүкіл ұзындығымен өтетін қабырға параллель жазықтығының ерітінді жіктері бар жалпы арнаудағы ерітіндідегі қабырғаның көп қатарлы тас қалауы үшін (қалыңдығы тас немесе блок өлшемінен үлкен) 6.2-кестедегі K мәндерін 0,8 коэффициентіне көбейту қажет.

**6.2-кесте – Тас қалауына арналған K коэффициентінің мәндері
(ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 3.6.1.2(2)-т.)**

Тас немесе блоктың түрі		Жалпы арнаудағы ерітінді	Жұқа қабатпен төселетін ерітінді (көлденең жіктің қалыңдығы 0,5 мм-ден бастап 3 мм-ге дейін)	Жеңіл ерітінді, құрғақ күйінде тығыздығы	
				$600 \leq \rho_d \leq 800 \text{ кг/м}^3$	$800 < \rho_d \leq 1500 \text{ кг/м}^3$
Кірпіш	1-топ	0,55	0,75	0,30	0,40
	2-топ	0,45	0,70	0,25	0,30
	3-топ	0,35	0,50	0,20	0,25
	4-топ	0,35	0,35	0,20	0,25
Силикатты блок	1-топ	0,55	0,80	*	*
	2-топ	0,45	0,65	*	*
Бетонный блок	1-топ	0,55	0,80	0,45	0,45
	2-топ	0,45	0,65	0,45	0,45
	3-топ	0,40	0,50	*	*
	4-топ	0,35	*	*	*
Ұяшықты бетоннан жасалған блок	1-топ	0,55	0,80	0,45	0,45
Зауытта дайындалған бетонды блок	1-топ	0,45	0,75	*	*
Табиғи тастан жасалған блок	1-топ	0,45	*	*	*
* Мәндері жоқ, себебі тас (блок) пен ерітіндінің мұндай үйлесімі қолданылмайды.					

6.3.3 [3.7.1] ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес 20 °C температурадағы тас қалауының механикалық қасиеттерін қалыпты температура үшін деп қабылдау қажет. Қысқа уақытқа осьтік сығу кездегі тастардан және блоктардан жасалған қалаулардың барлық түрлерінің деформация диаграммалары 6.2-суретте келтірілген.



1 – іс жүзіндегі диаграмма, 2 – идеал диаграмма, 3 – есептік диаграмма

6.2-сурет - Осьтік қысқа уақытқа сығу кездегі тас қалауының деформация диаграммалары (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.7.1-т.)

6.3.4 [3.7.2] Арматураланбаған тас қалауының қысқа мерзімді серпімділік модулі E иілгіштік модулі болып табылады және сынақтар процесінде EN 1052-1 сәйкес анықталады. Жылжығыштық деформациясын ескере отырып, жүктеме ұзақ уақыт әсер еткен кездегі тас қалауының серпімділік модулі ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011(3.8) Формула бойынша анықталады:

$$E_{\text{longterm}} = \frac{E}{1 + \Phi_{\infty}}, \quad (6.4)$$

мұндағы Φ_{∞} – тас қалауы үшін жылжығыштық коэффициентінің шекті мәні.

6.3.5 [3.7.4(2)] Тас қалауы үшін жылжығыштық коэффициентінің шекті мәні Φ_{∞} , ұзақ уақыт ісіну немесе отыру деформациясы шамасының соңғы мәні, тас қалауының сызықтық температуралық деформация коэффициенті α сынақтар әдісімен анықталады. Көрсетілген деформациялар мәндерінің бағдарлаушы диапазондары 6.3-кесте де келтірілген. Олардың нақты сандық мәндері ұлттық қосымшада белгіленеді.

6.3.6 Тас қалауының ығысу модулінің G шамасын серпімділік модулі E мәнінің 40 % тең деп қабылдауға болады.

6.3-кесте – Температура әсерлерінен туындаған тас қалауының жылжығыштық, ісіну немесе шөгу және температуралық деформация параметрлері (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.7.4-т.)

Тас немесе блоктың түрі		Жылжығыштық коэффициентінің шекті мәні, Φ_{∞}	Ісіну және шөгудің шекті мәні, мм/м	Сызықтық температуралық деформация коэффициенті, α , $10^{-6}/K$
Кірпіш		0,5 - 1,5	(-0,2) - (+1,0)	4 - 8
Силикатты блок		1,0 - 2,0	(-0,4) - (-0,1)	7 - 11
Бетонды блоктар және зауытта шығарылған бетонды блоктар		1,0 - 2,0	(-0,6) - (-0,1)	6 - 12
Жеңіл бетоннан жасалған блоктар		1,0 - 3,0	(-1,0) - (-0,2)	6 - 12
Ұяшықты бетоннан жасалған блоктар		0,5 - 1,5	(-0,4) - (+0,2)	7 - 9
Табиғи тастан жасалған блоктар	Магмалық жыныстар	-	(-0,4) - (+0,7)	5 - 9
	Шөгінді жыныстар			2 - 7
	Метаморфиялық жыныстар			1 - 18

6.4 Тас қалаудың қосымша элементтері

6.4.1 Тас қалауды арматуралау үшін дәнекерленетін конструкциялық немесе тегіс немесе мерзімдік профильдің тот баспайтын болатты қолдануға болады. қалаудың көлденең жіктеріне арналған арматура торлары ҚР СТ EN 845-3 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

6.4.2 [4.3.3(1)P] Арматура болаты коррозияға төзімді және ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 8-тарауына сәйкес қолдану ережелері бойынша қалау кезінде құрылыс объектісінің жобаланған қызмет ету мерзімі ішінде қоршаған ортаның жергілікті жағдайларына төзімділігін сақтау үшін төзімді жабынмен қорғалуы тиіс.

6.4.3 Байланыстырушы элементтер ҚР СТ EN 845-1 талаптарына сәйкес жобалануы тиіс. Анкерлер, тегістеу, тіректер және консольдер ҚР СТ EN 845-1 талаптарына сәйкес келуі тиіс. Құрама маңдайшалар ҚР СТ EN 845-2 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

6.4.4 [4.3.6(1)] Конструкцияның қосымша элементтерінің төзімділігіне қойылатын талаптары (анкерлер, ілмектер, тіректер, консольдер және бұрыштық тіректер) ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 берілген.

6.5 Асылмалы қасбеттерінің металл элементтері

6.5.1 Асылмалы қасбеттерінің көтергіш элементтерін (консольдер және бағыттаушы

профильдер) тот баспайтын, мырыштанған және гальванизацияланған болаттан немесе алюминий және оның қорытпасынан дайындау керек.

6.5.2 Болатты қолданған кезде болаттан жасалған суықтай пішінделген жеңілдетілген профильдерге артықшылықты беру керек, маркалары 6.4-кестеде келтірілген. Гальванизациялауға және мырышпен қаптауға жататын элементтер болаты сонымен қатар гальванизациялауға және мырышпен қаптауға жарамды болуы тиіс.

6.4-кесте –Болаттың аққыштығының негізгі шегінің f_{yb} және уақытша кедергісінің f_u номиналды мәндері [(ҚР ҚН EN 1993-1-3:2005/2011 3.1-т)]

Болат типі	Стандарт	Маркасы	f_{yb} , Н/мм ²	f_u , Н/мм ²
Конструкциялық болаттан дайындалған суықтай өңделген табақтар	ISO 4997	CR 220	220	300
		CR 250	250	330
		CR 320	320	400
Мырышпен үздіксіз ыстықтай жабыны бар табақты және жолақты көміртекті конструкциялық болат	EN 10326	S220GD + Z	220	360
		S250GD + Z	250	330
		S280GD + Z	280	360
		S320GD + Z	320	390
		S350GD + Z	350	420
Суықтай пішіндеуге арналған жоғары төзімді болаттардан жасалған ыстықтай жаймаланған тегіс табақтар. 2-бөлім. Термомеханикалық өңделген болат прокат үшін жеткізу шарты	EN 10149. 2-бөлім	S315MC	315	390
		S355MC	355	430
		S420MC	420	480
		S460MC	460	520
		S500MC	500	550
		S550MC	550	600
		S600MC	600	650
		S650MC	650	700
		S700MC	700	750
	EN 10149. 3-бөлім	S260NC	260	370
		S315NC	315	430
		S355NC	355	470
		S420NC	420	530
Суықтай пішіндеуге арналған жоғары төзімді төменгі қосындыланған болаттан дайындалған суықтай жаймаланған тегіс табақтар	EN 10268	H240LA	240	340
		H280LA	280	370
		H320LA	320	400
		H360LA	360	430
		H400LA	400	460
Суықтай пішіндеуге арналған үздіксіз ыстық жабыны бар жоғары төзімді болаттан дайындалған табақты және жолақты болат	EN 10292	H260LAD	240	340
		H300LAD	280	370
		H340LAD	320	400
		H380LAD	360	430
		H420LAD	400	460

6.4-кесте –Болаттың негізгі аққыштық шегінің f_{yb} және уақытша кедергісінің f_u номиналды мәндеріт[(п.3.1 ҚР ҚН EN 1993-1-3:2005/2011)] (жалғасы)

Болат түрі	Стандарт	Маркасы	f_{yb} , Н/мм ²	f_u , Н/мм ²
Болат жолақ және үздіксіз ыстық мырышты-алюминий жабыны бар табак (ZA)	EN 10326	S220GD + ZA	220	300
		S250GD + ZA	250	330
		S280GD + ZA	280	360
		S320GD + ZA	320	390
		S350GD + ZA	350	420
Болат жолақ және үздіксіз ыстық алюминиймырышты жабыны бар табак (AZ)	EN 10326	S220GD + AZ	220	300
		S250GD + AZ	250	330
		S280GD + AZ	280	360
		S320GD + AZ	320	390
		S350GD + AZ	350	420
Суықтай пішіндеуге арналған үздіксіз ыстық мырыш жабыны бар табакты және жолақты аз көміртекті болат	EN 10327	DX51D + Z	140	270
		DX52D + Z	140	270
		DX53D + Z	140	270

ЕСКЕРТПЕ Болаттарды көлденең созу кезіндегі болаттың аққыштық шегінің мәндері материалдарды белгілеуде берілген. Бойлай созу кезіндегі аққышқтық шегінің мәндері кестеде берілген.

6.6 Жылу оқшаулағыш материалдар

6.6.1 Беткі тасты қабаты бар қабырғаларға арналған жылытқыш ретінде минерал мақтасынан және пенополистиролдан дайындалған плиталар қолданылуы мүмкін. Желдетілетін ауа саңылауы жоқ болған жағдайда ерекшелікті пенополистиролды плиталарға, ал ол болған жағдайда минерал мақтасынан дайындалған плиталарға беру керек.


6.6.2 Ылғалды климатты өңірлерде минерал-мақталы плиталарды қорғаныс жабындарымен қорғану керек, мысалы фольга, әйнек-мата немесе басқа гидрооқшаулағыш жабындар түрінде қолдану керек (6.3-сурет).

6.6.3 Жертөле көп қабатты тас қабырғаларда беткі және ішкі тас қабаттар арасында орналасатын жылытқыш ретінде ылғалға төзімді экструдитті пенополистиролден дайындалған қатты плиталарды қолдану керек.

6.6.4 Желдетілетін ауа саңылауы жоқ қабатты тас қабырғаларда жылытқыш ретінде құймалы жылу оқшаулағыш материалдарды қолдануға болады, мысалы, жеңіл бетонды немесе пенополиуретанды, сонымен қатар шөкпейтін үйінді материалдарды, мысалы, керамзит, түйіршіктелген пенополистирол және басқалар (6.4-сурет).



6.3-сурет – Ылғалды климат жағдайында көп қабатты тас қабырғаларды тұрғызған кезде фолгадан дайындалған қорғаныс қабаты бар минерал-мақталы плиталарды қолдану








6.4-сурет – Қабырғалардың ішкі және беткі тас қабаттары арасындағы ауа саңылауын түйіршіктелген пенополистиролмен толтыру

6.6.5 Тас қабаттары арасындағы жылытқыш қалыңдығын нақты климаттық жағдайлар үшін қабырғалардың талап етілген жылу өткізгіштігіне сүйене отырып, есептік немесе эксперименттік жол арқылы белгілеу керек (ішкі және сыртқы қабаттардың тас қалауының жылу техникалық сипаттамаларын, жылытқышты ескере отырып, сонымен қатар суық көпірлерін, мысалы тас қабаттар арасындағы металл анкер байланыстарды ескере отырып). 6.5-кестеде мысал ретінде тас қабаттар арасындағы минерал-мақта жылытқышының қалыңдығына байланысты кейбір қабатты қабырғалардың жылу техникалық сипаттамалары берілген.

6.6.6 Аспалы желдетілетін қасбеттерде жылытқыш ретінде төменгі жылу өткізгіштікке, отқа төзімділікке, температура айырмасына тұрақтылыққа, жақсы бу өткізгіштікке, биотөзімділікке, желденуге төзімділігіне ие болатын базальт немесе шыны-талшықты негізіндегі қатты минерал-мақталы плиталарды қолдану керек. Минерал-мақталы плиталар өнез және басқа зердердің түзілуі үшін қолайсыз орта болып табылады, сонымен қатар жоғары жылу және шуылды сіңіруші қасиеттеріне ие.


6.5-кесте – Сыртқы қабатты тас қабырғалардың минерал-мақталы плиталардан дайындалған ROCKTON жылытқыш қалыңдығына тәуелді жылу өткізгіштік коэффициенті

Жылу өткізгіштік коэффициенті (Вт/м ² К)						
Қабырға қимасы	Rockton жылытқыш қалыңдығы (см)	12	14	15	16	18
	сылақ 1,5 см сазды қуысты кірпіш 12 см ($\lambda=0,62$ Вт/мК) жылытқыш балшықты кеуек кірпіш 25 см ($\lambda=0,56$ Вт/мК) сылақ 1,5 см	0,24	0,21	0,20	0,19	0,17
	сылақ 1,5 см клинкерлі кірпіш 12 см ($\lambda=1,05$ Вт/мК) жылытқыш керамикалық кеуек кірпіш 25 см ($\lambda=0,56$ Вт/мК) сылақ 1,5 см	0,23	0,21	0,20	0,19	0,17
	сылақ 1,5 см пенобетонды блоктар 12 см ($\lambda=0,30$ Вт/мК) жылытқыш пенобетонды блоктар 24 см ($\lambda=0,35$ Вт/мК) сылақ 1,5 см	0,22	0,20	0,18	0,18	0,16
	клинкерлі кірпіш 12 см ауа саңылауы жылытқыш пенобетонды блоктар 24 см ($\lambda=0,12$ Вт/мК) сылақ 1,5 см	0,17	0,16	0,15	0,15	0,14
	силикатты кірпіш 12 см жылытқыш силикатты блоктар 25 см ($\lambda=0,9$ Вт/мК) сылақ 1,5 см	0,26	0,22	0,21	0,20	0,18

6.6.7 Аспалы қасбеттер үшін минерал-мақталы плиталар ретінде қос қабатты плиталарды қолданған дұрыс: аса тығыз қабат қасбеттердің сыртқы жағынан, ал тығызды кем – тікелей көтергіш қабырғаға орналасады. Еуропалық тәжірибеде ереже бойынша мұндай плиталар құрылысқа желден қорғайтын бу өткізгіш желімделген мембарнасымен

бірге жеткізіледі. Бұл жағдайда плиталар арасындағы түйіскен қосылыстарының тығыздығы олардың шпунтты жиектерінің нәтижесінде қамтамасыз етіледі.

6.6.8 Жылдың жылы уақытында күн энергиясын бір жерге шоғырлайтын және салқындаған кезеңде жиналған жылуды сыртқы қабырғаларға беретін жаңа заманғы жылытқыштары бар қасбеттік жүйелер келешекті болып табылады (6.5-сурет).



6.5-сурет – Күн энергиясын бір жерге шоғырландыратын жылытқышы бар аспалы қасбет көрінісі

7 БЕТКІ ТАС ҚАБАТЫ БАР ҚАБЫРҒАЛАРДЫҢ КОНСТРУКТИВТІ ШЕШІМДЕРІ

7.1 Тас қабырғаларды жалғау

7.1.1 Жалғанатын байланыстар

7.1.1.1 Көп қабатты қабырғаларда беткі және ішкі тас қабаттарды тік қаланған қатарлармен қатты жалғаудан келесі себептер бойынша аулақ болу керек:

- биіктігі ұқсас тастардан екі қабатты орындау қажеттілігі;
- тік қаланған қатарлармен жалғау орындарындағы суық көпірінің туындауы;
- температуралық әсерлерден туындаған беттік және ішкі қабаттар деформациясының әртүрлілігіне байланысты үшкір қатарларды кесу мүмкіндігі.

7.1.1.2 Беткі және ішкі тас қабаттарды жалғау үшін ҚР СТ EN 845-1 сәйкес иілгіш байланыстарды қолдану керек. Иілгіш металл байланыстарды қолдану жөніндегі талаптар ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011, ал олардың түрлері туралы ақпарат осы құралдың А.1-қосымшасында берілген. Байланыстарға арналған материал тот баспайтын болат, коррозияға қарсы жабыны бар болат, композитті материалдар (базальт, көміртек және басқа талшықтар негізінде) болуы мүмкін.

7.1.1.3 Байланыс материалы және оның коррозияға қарсы қорғанысы өзі орналасқан ортаның агрессиялық деңгейін есепке алу арқылы таңдалады. Бұл жағдайда жылытқыш қабатындағы, сол сияқты қалау ерітіндісіндегі ортаның агрессиялығын ескеру керек.

Коррозияға қарсы жабынның зақымдануын болдырмау үшін байланыстардың орнында бүктелуіне жол берілмейді. Коррозияға қарсы жабын дайын бұйымға қолданылуы тиіс [3].


7.1.1.4 [8.5.2.2] Егер қабырғаның екі қабатын жалғау үшін көлденең жіктерде орналасқан арматура торлары түріндегі жалғау элементтерін қолданатын болса, онда әрбір жалғау элементін қабырға қосылысы ретінде қарастыру керек. Бұл жағдайда ауа саңылауы бар және ауа саңылауы жоқ қос қабатты қабырғаның қабаттарын жалғау олардың бірлескен жұмысын қамтамасыз етуі тиіс. Беткі қабаттың тек тігінен емес, сонымен қатар көлденеңінен еркін жылжуын қамтамасыз ету үшін тікбұрышты ұяшықтарды бар торларды қолдану керек.

7.1.1.5 Түзу немесе ішкі және беткі қабаттардың көлденең арматурасымен біріктірілмеген Z - не Г– тәрізді шыбықтар түріндегі жалғаулар шағын қуыстылығы бар (25% дейін) тас материалдары үшін қолданылуы мүмкін. Тікбұрышты, үшбұрышты, трапеция тәрізді және оларға ұқсас пішіндегі жалғаулар қуыстылық пайызын шектемей-ақ қабырға материалдары үшін қолданылуы мүмкін [3].

7.1.1.6 [8.5.2.2 (2)] Ауа саңылауы бар қос қабатты қабырғаның екі қабатын немесе ішкі қабаты бар қалау арқылы қаптама қабатын жалғаулар үшін байланыстар мөлшері ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 6.5-т талаптарына сәйкес келуі тиіс. Байланыстар мөлшері 1 м^2 кемінде n_{min} құрауы тиіс. Ауа саңылауы бар қос қабатты қабырғалар және қаптама қабаты бар қос қабатты қабырғалар үшін қолданылатын мән n_{min} ұлттық қосымшада белгіленген.

7.1.1.7 [8.5.2.3(2)] Ауа қабаты жоқ қос қабатты қабырға қабатын өзара жалғайтын байланыстарды ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 6.5-т сәйкес есептейді. Оларда 1 м^2 қабырға ауданына кемінде j байланыстарға (анкерлерге) қарағанда көлденең қиманың жеткілікті ауданы болуы тиіс және оның беті бойынша біркелкі таратылуы тиіс. Нақты елде қолданылатын j мәні ұлттық қосымшада белгіленген.

7.1.1.8 Беткі және ішкі тас қабаттардағы байланыстарды анкерлеу тереңдігі 7.1-суретте белгіленгенге қарағанда аз болуы тиіс. Анкерлік байланыстардың қалыңдығы 4 – 6 мм шектерінде қабылданады және 8 мм аспауы тиіс.




7.1-сурет – Беткі 2 және ішкі 3 тас қабаттардағы байланысты анкерлерді 1 анкерлеудің рұқсат етілген өлшемдері [9]

7.1.1.9 Әртүрлі еуропалық елдер үшін қабырғаның 1 м^2 байланыстарының минималды мөлшері, сонымен қатар ауа саңылауының қалыңдығына байланысты

олардың арасындағы арақашықтық 7.1-кестеде берілген. Температуралық деформация жіктеріне жақын терезе және есік ойықтарының контуры бойынша байланыстар мөлшері 7.2-суретке сәйкес ұлғайтылуы тиіс.

7.1-кесте – Тас қабаттар арасындағы 1 м² қабырға бетіндегі анкер байланыстарының минималды мөлшері


Ел	Ауа қабатының қалыңдығы, см	Анкерлер арасындағы арақашықтық, см (тігінен × көлденеңінен)	1 м ² қабырғадағы анкерлер мөлшері	Иілгіш анкер қимасы, мм
Норвегия	10	46 × 50	4,35	Ø5
Германия	4-15	25 × 75	5	Ø4
Англия	5-7,5	45 × 90	2,5	19 × 0,6
	7,5-10	45 × 90	2,5	19 × 0,8
	10-15	45 × 45	4,94	Ø5
Польша	5-15	46 × 50	4,3	Ø4-Ø6
Ресей (ҚНжЕ II-22-2011 жобасы)	-	50 × 80	2,5	Ø4-Ø5



1 – тік деформацияланған жік, 2 – терезе ойығы, 3 – балконның есік ойығы


7.2-сурет – Беткі және ішкі тас қабаттар арасындағы анкерлік байланыстардың орналасуы (өлшемдері мм есептелген)

7.1.1.10 Анкерлік байланыстарды ғимарат бұрыштарында, қабырғалардың ернеу учаскелерінде және тік деформация жіктердің орналасу аймақтарында жиі орналастыру керек (7.3-сурет).



7.3-сурет – Анкерлік байланыстардың беткі және ішкі тас қабаттары арасында жиі орналасу аймағы (көрсеткілермен тік деформация жіктерінің орналасуы көрсетілген) [22]

7.1.1.11 Қабырғалардың ернеу бөлігінде беткі және ішкі қабаттар арасына қосымша анкерлерді орнату керек (7.4-сурет). Көрсетілген аймақтағы беткі қабатты көлденең ерітінді жіктерін арматуралау арқылы күшейту керек.



1 – металл консоль, 2 – жылжымалы анкерлер, 3 – консольді бұрамамен бекіту,
4 – консольді темірбетон белдігінде анкерлеу, 5 – беткі тасты қабат, 6 – ішкі тасты қабат,
7 – парпетті монолитті жабын плитасы


7.4-сурет – Ғимараттың ернеу бөлігінде беткі қабатты ішкі қабатпен металл консоль арқылы жалғау [17,18]

7.1.1.12 Беткі қабатты және жылытқышты металл анкер шыбықтарында жиналған конденсатпен ылғалдануының алдын алу үшін соңғысы қысқыш сақиналардағы тамшылатқыштар арқылы желдетілетін саңылау ішінде жойылуы тиіс (5.2-сурет).


7.1.2 Беткі қабатты тіреу

7.1.2.1 Ғимараттың төменгі қабаттарында беткі тасты қабатты тікелей іргетасқа немесе жертөле қабырғасына тіреу керек (осы құралдың А.4 қосымшасын қараңыз). Бұл жағдайда тірек артындағы беткі қабаттың қалау асылмасы 40 мм аспауы тиіс. Жабын дискілерінің деңгейіндегі аралық тіректерді беткі тас қабатының қалыңдығына байланысты биіктігі бойынша орнату керек (7.5 және 7.6-суреттер).

а)




б)



1 – аражабынмен түйінdestіру, 2 – іргетаспен түйінdestіру


7.5-сурет – Қалыңдығы $115 \text{ мм} > t \geq 105 \text{ мм}$ (а) және $105 \text{ мм} > t \geq 90 \text{ мм}$ (б) беткі тас қабатты тіреу [14]



1 – аражабынмен түйінdestіру, 2 – іргетаспен түйінdestіру

7.6-сурет – Қалыңдығы $t \geq 115 \text{ мм}$ беткі тас қабатты тіреу [14]

7.1.2.2 Сыртқы тас қабырғалар аражабындар мен тік көтергіш конструкциялар арасында толтырулар түрінде жобаланатын қаңқа ғимаратарындағы беткі қабатты тіреуді әрбір аражабын деңгейінде немесе екі қабат арқылы орындау керек (7.7-сурет).




1 – қаңқаны толтыратын көп қабатты қабырға, 2 – қабырғаларды тіреу орындары, 3 – ғимараттың көтергіш қаңқасы

7.7-сурет – Қаңқа ғимаратының тасты көп қабатты қабырғалары [9]


7.1.2.3 Беткі тас қабатты темірбетон аражабындарының астыңғы қабаттарына тікелей тіреуден аулақ болу керек, себебі бұл жағдайда суық көпірі үшін ғимараттың жылу жоғалтуы ұлғаяды және беткі қабаттың төзімділігі төмендейді (7.8-сурет). Аражабын аймағында беткі қабатты тіреуді аражабындардың астыңғы қабатына бекітілген металл тірек консольдер арқылы жүзеге асыру керек (7.9-суретті және осы құралдың А.2-қосымшасын қараңыз).

7.1.2.4 Беткі қабаттың жоғарғы көздеу қатар қалауы арасына және аралық тіректің төменгі жағына созылымды герметикпен толтырылған, қалыңдығы кемінде 20 мм көлденең температуралық деформация жігін орнату керек.



1 – аражабынның темірбетонды плитасы, 2 - ішкі кірпіш қабат, 3 - жылытқыш,
 4 - ауа саңылауы, 5- беткі кірпіш қабат, 6 - деформациялық төсеме,
 7- керамикалық плитка, 8- термооқшаулау, 9 – жұқа арматураланған сылақ,
 10 - металл тірек бұрыш, 11- пенополистиролдан жасалған қыстырмалар

7.8-сурет – ТМД елдерінде қолданылатын беткі тас қабатты темірбетон аражабын плиталарымен түйінdestіру тәсілдері [3]



7.9-сурет – Беткі тас қабаты металл консольдерге тіреу 1 [9]

7.2 Қабырғаларды аражабындармен және жабындармен түйіндісіру

7.2.1 [8.5.1.1(1)P] Аражабындарға және шатырларға жалғасқан қабырғалар көлденең есептік жүктемелер қаңқаның конструкция элементіне берілетіндей аражабын және жабын плиталарымен жалғануы тиіс.

7.2.2 [8.5.1.1(2)P] Көлденең жүктемелердің қаңқа элементтеріне (жалғау конструкциялары, көлденең қабырғалар) берілуін аражабын немесе шатыр конструкциялары арқылы, мысалы, арматураланған монолитті немесе құрама бетон аражабындар арқылы немесе егер аражабын немесе шатыр конструкциясы қатты диск сияқты жұмыс істейтін болса, қапталған ағаш арқалықтар арқылы жүзеге асыру керек. Әрекет етуші жылжыту күшін және иілу моменттерін бере алатын күйдегі монолитті белдікті орындауға жол беріледі. Қабырғалар мен қаңқа конструкциялары арасындағы берілетін күштер көтергіш элементтердің тірек бетіндегі үйкеліс күші арқылы немесе анкерлік құрылғылар арқылы берілуі тиіс.

7.2.3 [8.5.1.1(3)P] Аражабын және жабын плиталары тірек учаскелерінің жылжу беріктіктің және кедергісін қамтамасыз ететін үйкеліс тереңдігі бар қабырғаға тірелуі тиіс. Бұл жағдайда дайындау және монтаждау кезінде рұқсаттарды ескеру керек.

7.2.4 [8.5.1.1(4)] Аражабын және жабын плиталарын қабырғаға тіреудің минималды ұзындығын есептеу арқылы анықтау керек.

7.2.5 [8.5.1.2] Анкерлер қабырға және қаңқаның көтергіш элементі арасында көлденең күштерді беруі тиіс. Егер, мысалы, фронтон қалауды шатырмен жалғауда қабырғаға түсетін уақытша жүктемелер аз болса, қабырғамен фронтонды қалаудың анкерлі қосылыстары жеткілікті болуы тиіс. Аражабын және жабын плиталарын қабырғаға тіреу кезіндегі анкерлер қадамы (қабырғаларға жанасуы) 2 м аспауы, ал 4 қабаттан астам ғимараттарда – 1,25 м аспауы тиіс.

7.2.6 [8.5.1.3(1)P] Егер аражабын және жабын плиталары немесе монолитті белдіктер тікелей қабырғаға тірелетін болса, онда үйкеліс кедергісі көлденең жүктемелердің берілісін қамтамасыз етуі тиіс.

7.2.7 [8.5.1.4(1)] Егер көлденең жүктемелердің қаңқа конструкциясына берілісі қаттылық белдігі арқылы болатын болса, онда оларды әрбір аражабын жазықтықтарына тікелей оның астына орналастырады. Қаттылық белдіктері темірбетоннан, арматураланған тас қалаудан, болаттан немесе ағаштан дайындалуы мүмкін және кемінде 45 кН есептік беріктік мәнімен созылатын күшті беру күйінде болуы тиіс.

7.2.8 [8.5.1.4(2)] Қаттылықтың темірбетон белдіктері күшті қаңқа конструкциясына беру үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін олардың барлық ұзындығы бойынша үздіксіз арматуралануы тиіс.

7.2.9 [8.5.1.4(3)] Темірбетоннан жасалған армобелдіктерде минималды 150 мм^2 қима ауданы бар кемінде екі көлденең арматура шыбықтары болуы тиіс. Арматуралық түйістерді ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес және мүмкіндігінше ығыстыру арқылы орындайды. Параллель өтетін арматураны толық көлденең қимамен ескеру керек, ол аражабындарда немесе терезе маңдайшаларында қабырғаның және аражабын ортасынан 0,5 м алыстау тұратындығын ескерген жағдайда.

7.2.10 [8.5.1.4(4)] Егер көлденең жазықтықа қатты диск сияқты жұмыс істемейтін аражабынды қолданатын немесе аражабын немесе жабын плиталарының тірек астына жылжымалы (сырғымалы) төсемдерді төсейтін болса, онда қабырғаның көлденең

қаттылығын қаттылығы бойынша баламалы конструкция элементтерімен қамтамасыз етеді.

7.2.11 Қабырғада желдетілетін ауа саңылауы болған жағдайда беткі қабаттың ернеу учаскесінде, мысалы тік ерітінді жіктерінде саңылаулар түрінде желдету арналарын орнату керек.

7.2.12 Балкон плиталары мен беткі қабат арасында атмосфераға төзімді созылымды материалдармен толтырылған көлденең деформация жігін орнату керек. Балкон плиталары тек ішкі көтергіш тас қабатпен, ал қаңқа ғимараттарын таспен толтыруда – аражабын плиталарымен жалғануы тиіс. Суықтық көпірлерінің әсерін азайту мақсатында балкон плиталарын жылытуды қолдану керек. Аса озық шешім балкон плиталарын темірбетон аражабындарымен жеке (монолитті емес), мысалы, термооқшаулау қыстырмалары арқылы жалғау болып табылады (қосышадағы А.28-сурет).

7.2.13 Іздерді және тереңдетулерді ішкі тас қабатқа ғана орналастыру керек, оның минималды қалыңдығы кемінде 120 мм болуы тиіс. Іздер мен тереңдетулерді ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 8.6.2(1)-т. талаптарын орындаған жағдайда оларды босату сияқты қабырғалардың беріктігін есептеулерде ескермеуге болады.

7.2.14 Қаңқа ғимараттарындағы аражабындардың көтергіш конструкциясына тірелетін ішкі тасты қабат қаңқаның тік көтергіш конструкцияларына (көлденең қабырғаларға немесе ұстындарға) қосымша бекітілуі тиіс. Көлденең жүктеулердің әрекетіне есептеулер қажет болмайтын өздігінен көтергіш тас толтырулардың максималды өлшемдері 5.1-кестеде берілген.

7.2.15 Көп қабатты қабырғаларды аражабындармен және жабындармен түйіндестірудің конструктивті шешімдері осы құралдың А.3 берілген.


7.3 Қабырғаларды іргетастармен түйіндестіру

7.3.1 Көп қабатты тас қабырғалар тікелей іргетасқа немесе жертөле қабаттарының бір қабатты тас және темірбетон қабырғаларына тірелуі мүмкін. Бұл жағдайда беткі тасты қабатты толық құйма керамикалық, бетон және табиғи тастардан тұрғызған жағдайда ол топырақ деңгейінен минимум 15 см жоғары және өзге материалдардан жасалған тастардан тұрғызған кезде 50 см жоғары болуы тиіс (7.10-сурет).

7.3.2 Беткі қабатты толық құйма керамикалық, бетон табиғи тастардан топырақ деңгейінен төмен, осы деңгейде жер асты суы және беткі қабатты сенімді гидрооқшаулау болмаған жағдайда тұрғызуға жол беріледі (осы құралдың А.4 қараңыз).

7.3.3 Беткі қабаттың төменгі астыңғы қабат аймағында ауа саңылауын желдетуге арналған желдету арналы болуы тиіс. Желдету арналары торлармен жабылған тесіктер немесе толтырылмаған тік ерітінді жіктеріндегі саңылаулар түрінде болуы мүмкін. Көрсетілген саңылаулар қабырғаның ішкі қабатынан конденсатты шығару үшін бір уақытта қызмет етеді.

7.3.4 [8.7(1)P] Гидрооқшаулау қабаттары зақымдануға ұшырамай және басқа конструкциялардың зақымдануларын тудырмай көлденең және тік жүктемелерді беру күйінде болуы тиіс. Осыған байланысты оларда тас қалаудың әдейі ығыспауының алдын алу үшін үйкеліске жеткілікті кедергісі болуы тиіс.



1 – ішкі көтергіш тасты қабат, 2 – беткі тасты қабат, 3 – анкерлер,
4 - жылытқыш, 5 - іргетас қабырғасы, 6 – конденсациялық ылғалды шығаруға арналған тік ерітінді
жіктеріндегі саңылаулар, 7 – гидроокшаулау, 8 – іргетас қабырғасын жылыту,
9 – құрылыс ерітіндісі шығатын еңіс

7.10-сурет – Іргетастағы беткі қабатты тіреу [9]

7.4 Қабырғалардың қиылысуы

7.4.1 [8.5.2.1(1)P] Бір-біріне жанасатын қабырғалар тік және көлденең жүктемелердің өзара берілісі қамтамасыз етілетіндей өзара қосылады.

7.4.2 [8.5.2.1(2)(3)] Қабырғалардың қиылысу аймағындағы қосылысын тас қалауды байланыстырумен немесе анкерлермен, және әрбір қабырғаға арматуралаумен жүзеге асырады (осы құралдың А.5 қараңыз).

7.5 Терезе және есік ойықтары

7.5.1 Көп қабатты қабырғаларда терезе және есік ойықтарын жобалау кезінде келесі қағидаларды басшылыққа алу керек:

- ойық орындарындағы ішкі және беткі тас қабаттар өзара түйіспеуі тиіс;
- ағаш өнімдері тек тас қабаттардың біріне ғана шөгуі мүмкін;
- ойықтар үстіндегі маңдайшалар әрбір тас қабаты үшін тәуелсіз болуы тиіс;
- тас қабаттар арасындағы ойықтардың периметрі бойынша қосымша байланыс анкерлі элементтер орнатылуы тиіс (7.2-сурет).

7.5.2 Тас қабаттар және ағаш өнімдері арасындағы оның периметрі бойынша гидроокшаулау және атмосфераға төзімді созылымды материалдардан жасалған тығыздағыш болуы тиіс (осы құралдың А6-қосымшасын қараңыз).

7.5.3 Ішкі тас қабаттағы маңдайшалар құрама немесе монолитті темірбетоннан орындалуы мүмкін. Беткі тас қабаттағы маңдайшаларды армотасты немесе жасырын металл профильдердің көмегімен орындау керек (осы құралдың А7-қосымшасын қараңыз).

7.6 Деформациялық жіктер

7.6.1 ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 2.3.4.1-тармағына сәйкес көп қабата қабырғалардағы ішкі және беткі тас қабаттың тік деформациялық жіктері арасындағы арақашықтықты есептік мәліметтер және келесі факторларға байланысты пайдалану тәжірибесі негізінде қабылдау керек:

- температураның мезгілдік айырма шамасы,
- қаптама қабатының қалыңдығы және қалау түрлері,
- тастар мен ерітінділердің физика-механикалық қасиеттері,
- аражабындар қаттылығы,
- терезе және есік ойықтарын есепке алумен қабырға геометриясы,
- арматуралаудың болуы,
- конструкцияның отқа төзімділігі,
- қабырғалардың термо және дыбыс оқшаулауына қатысты талаптар.

7.6.2 Тік деформациялық жіктер арасындағы максималды арақашықтықтардың нақты мәндері ұлттық қосымшаларда берілген. Мысалы, орталық Еуропа елдер қатарында көп қабатты қабырғалар үшін көрсетілген арақашықтықтардың келесі мәндері қабылданған:

- керамикалық тастардан жасалған беткі тас қабат үшін 12 м және керамикалық емес материалдардан жасалған қалаулар үшін 8 м;

- керамикалық тастардан жасалған ішкі тас қабат үшін 40 м және керамикалық емес материалдардан жасалған қалаулар үшін 30 м.

Тікелей температура әсерлеріне ұшыраған бір қабатты қабырғалар үшін тік деформациялық жіктер арасындағы арақашықтық қабатты қабырғалардың ішкі қабатына қарағанда аз болып қабылданады:

- тік жіктерді ерітіндімен толтырған кезде керамикалық тастардан жасалған қалаулар үшін -30 м, ал толтырулар болмаған жағдайда - 25 м;

- тік жіктерді ерітіндімен толтырған кезде бетон және силикатты тастардан қалау үшін -25 м, ал толтырулар болмаған жағдайда - 20 м.

7.6.3 Тік температура жіктерін орналастыру орындарын тағайындау кезінде келесі ережелерді орындау керек [3]. Ғимарат жоспарындағы күрделілерді тегіс көріністерге бөлуге болады (осы құралдың А.8 қараңыз). Әсіресе орташа қабырғаның кемінде 2 мм ұзындығы кезінде жоспардағы Z – тәрізді көріністерден аулақ болу керек. жіктерді ғимарат бұрыштарында, қабырғалардың қиылысқан орындарында, биіктік айырмаларында, ойықтардың жанына орналастыру керек. Жіктерді мүмкіндігінше лоджия және балкон шектерінде орналастыру керек, бұл атмосфералық әсерлерден қосымша қорғауды қамтамасыз етеді.

7.6.4 Тік деформация жігін терезе немесе есік ойықтары шекарасы бойынша орналастыру кезінде металл маңдайшаларды тіреу орындарында температура әсерінен туындаған маңдайшаларының деформация еркіндігін қамтамасыз ету мақсатында олардың периметрі бойынша сырғымалы төсемелерді және сыртына орналастыру керек.

7.6.5 Деформациялық жіктер арасындағы арақашықтықтардың [16] сәйкес бағдарлы мәні 7.1-кестеде келтірілген.

7.1-кесте – Арматураланған және арматураланбаған тас қабырғалар үшін тік деформациялық жіктер арасындағы метрмен есептегендегі максималды арақашықтықтар [16]

Материал стен	Қабырға қалыңдығы ≤ 140 мм			Қабырға қалыңдығы > 140 мм		
	Арматура ланбаған	450 мм арқылы арматураланған	225 мм арқылы арматураланған	Арматура ланбаған	450 мм арқылы арматураланған	225 мм арқылы арматураланған
Балшықты кірпіш $\varepsilon^* \leq 0,1$ мм/м	15	20	>20	15	20	>20
Силикатты, бетонды тастар, соның ішінде жеңіл бетоннан $0,1 < \varepsilon^* \leq 0,4$ мм/м	8	12	14	8	14	16
Газосиликаттан, пенобетоннан жасалған тастар $\varepsilon^* > 0,1$ мм/м	6	10	12	6	12	14
ε^* - тас қалауының шөгугі мен температура әсерінен туындаған деформациялардың жалпы мәндері						

7.6.6 DIN 1053-1 неміс нормаларына сәйкес солтүстік жағында орналасқан қасбеттерге арналған тік деформация жіктері арасындағы арақашықтық (12-14) м (географиялық ендікке байланысты), оңтүстік жағынан (8-9) м, батыс жағынан (7-8) м, шығыс жағынан (10- 12) м шектерінде қабылданады.

7.6.7 [20] ұсыныстарына сәйкес температураның және материал реологиясының әсеріне ескере отырып, тік деформация жіктері арасындағы арақашықтықты L_{\max} формула бойынша шамалап анықтауға болады, ол оның ұзындығының биіктігіне кемінде 5 қатынасымен беткі қабаттағы сызат тәрізді шектеулер жағдайынан алынған:

$$L_{\max} = - \ln[1 - f_{t0}/(E_{t0} \cdot R \cdot \varepsilon)]h/0,23, \quad (7.1)$$

мұндағы f_{t0} – тас қалаудың көлденең ерітінді жіктері бойындағы созылу беріктігі;


E_{t0} - тас қалаудың көлденең ерітінді жіктері бойындағы серпімділік модулі;

h – қабырға биіктігі;

ε – температураның және реологиялық факторлардың әсерінен туындаған қабырғаның салыстырмалы бойлық еркін деформациялары (мм/м);

R – беткі қабатты тіреу орнындағы үйкеліс әсерінің коэффициенті (мысалы, темірбетон аражабынға тікелей тіреу кезінде $R = 1$, ал гидроокшаулау материалдарынан дайындалған төсемелерге тіреу кезінде $R = 0,6$).

(7.1) формуланың графикалық түрі 7.11-суретте берілген.



7.11-сурет – Биіктігі $h = 1$ м беткі тас қабатының тік деформация жіктері арасындағы L арақашықтығының оның салыстырмалы деформацияларына ε тәуелділігі [20]


7.6.8 [3] жұмыс мәліметтеріне сәйкес ресей климаттық жағдайлары үшін сыртқы қабырғалардың беткі қабатындағы тік деформация жіктері арасындағы арақашықтықтың келесі мәндері ұсынылады (7.2-кесте).

7.2-кесте – Көп қабатты сыртқы қабырғалардың беткі (сыртқы) қалау қабатындағы тік деформация жіктері арасындағы арақашықтықтың максималды шамасы [3]

Тік деформация жіктерінің арасындағы арақашықтықтың максималды шамалары				
Аса салқын және жылы бес күндік арасындағы температура айырмасы, °C	Керамикалық кірпіштен, керамикалық және табиғи тастан жасалған қабырға учаскесінің пішіні		Силикатты кірпіштен, бетон, ұяшықты бетон тастардан жасалған қабырға учаскесінің пішіні	
	тік сызықты	L- тәрізді	тік сызықты	L- тәрізді
80	10	5	7	5

60	14	7	8	6
40	18	9	9	7


7.6.9 Тік жіктерді есептеуге тәуелсіз ғимарат бұрыштарына және оның биіктігі өзгерген орындарға орнату керек (осы құралдың А.8 қараңыз). Тік деформация жіктерін ғимарат бұрыштарына орналастыру жарық жағына қатысты оларды бағдарлауына байланысты температура әсерінен туындаған қабырға деформацияларының тәуліктік өзгеруімен келісілуі тиіс (7.12-сурет).



7.12-сурет – Жарық жақтарына қатысты қабырғаларды бағдарлауға байланысты тік деформация жіктерінің орналасу қағидасы (көрсеткілермен температура әсерлерінен туындаған деформацияның еркін бағыттары көрсетілген) [23]

7.6.10 Тас қабаттар арасындағы тік деформация жіктерінің шеттері бойынша қосымша байланыстыру элементтері орнатылуы тиіс (осы құралдың қосымшасындағы А.6 және А.7-суреттер).

7.6.11 Беткі қабаттағы көлденең деформация жіктерін аражабын төменгі жағындағы деңгейге орналастыру керек. Олар болмаған жағдайда оның тік элементтерінің аққышқытық деформациясына байланысты темірбетонды қаңқасы бар ғимараттарда, сонымен қатар беткі қабаттың температуралы деформациясы қысылғанда жол бергісіз сығылу кернеуі орын алуы мүмкін. Сонымен қатар беткі қабатты оның майысуына байланысты аражабын плитасына орталықтан тыс тіреген кезде беткі қабатты ішкі темірбетонмен жалғайтын анкерлік байланыстардың бұзылуы мүмкін (7.13а-сурет). Егер қаңқа ғимаратындағы көп қабатты қабырғаның ішкі қабаты тастан жасалған болса, онда темірбетон плитаның жоғарғы және төменгі жағының арасында көлденең деформация жігінің құрылғысы қажет (7.13б-сурет).




1 – беткі тасты қабат, 2 – ұстынмен біріктірілген темірбетон қабырғасы,
3 – көлденең деформация жігі, 4 – тот баспайтын болаттан жасалған қыстырма, 5 – темірбетонды
аражабын, 6 – металл консоль

7.13-сурет – Қаңқа ғимараттарындағы көлденең деформация жігі (а) және аражабын астына оны орнатпаған (б) кездегі беткі тас қабаттың деформациясы [13]

7.6.12 Көлденең деформация жіктерін әрбір қабатқа беткі тас қабатты қабат бойынша аражабындарға тіреу жағдайына қарағанда жиі емес орнатуға жол берілмейді. Қалаудың жоғарғы қатары мен плитаның төменгі бөлігі арасындағы көлденең жіктің қалыңдығы аражабын плитасын есептік июден 5 мм көп, бірақ кемінде 30 мм болуы тиіс. Жіктерге қалау ерітіндісінің, кірпіш сынықтарының және т.с.с. түсуіне жол берілмейді.

7.6.13 Тік және көлденең деформация жіктері атмосфераға төзімді герметикамен тығыздалуы тиіс (осы құралдың 7.14 және А.67-суретін қараңыз).



1, 2 – деформация, 3 – жабық ұяшықты құрылымы бар пенопласттан жасалған профиль,
4 – астарлау, 5 – герметик, 6 – консоль анкері

7.14-сурет – Беткі тас қабаттағы тік (а) және көлденең (б) температуралық деформация жіктерін бітеу [17,18]

МЫСАЛ

Берілгені: Рубероидтан жасалған гидроокшаулау арқылы темірбетон іргетасына тірелетін биіктігі $h = 6$ м силикатты тастардан жасалған беткі қабат. Температура әсерлерінен беткі қабаттың салыстырмалы деформациясы $0,3$ мм/м құрайды.

Талап етіледі: Тік деформация жіктері арасындағы максималды арақашықтықты L_{\max} анықтау.

Шешімі

7.11-суреттегі графиктен $\varepsilon = 0,3$ мм/м және $R = 0,6$ үшін $L = 1,2$ м табамыз. Беткі қабаттың $h = 6$ м биіктігі кезінде деформация жіктерінің арасындағы максималды арақашықтық $L_{\max} = L \cdot h = 1,2 \times 6 = 7,2$ м құрайды.

8 ТАСТЫ ҚАПТАМА ҚАБАТЫ БАР КӨП ҚАБАТТЫ ҚАБЫРҒАЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ

8.1 Жалпы ережелер

8.1.1 Иілгіш байланыстары бар көп қабатты қабырғалардың көтергіш қабілеттілігін есептеуді өзі қабылдайтын жүктемеге әрбір қабат үшін жеке жүргізу керек. Көтергіш қабырғаның ішкі қабатын өз салмағына, жабындардан және аражабындардан түсетін жүктемеге, жылытқыш салмағына және жел жүктемесіне есептеу керек. Қаңқаны толтырғыш болып табылатын ішкі өздігінен көтергіш қабатты өз салмағынан және жылытқыш салмағынан түсетін жүктемені, сонымен қатар жел жүктемесін есептеу керек. Беткі қабатты өз салмағынан және желден түсетін жүктемеге, сонымен қатар температура әсерлеріне есептеу керек.

8.1.2 [5.5.5(6)] Қос қабатты қабырғаларда, егер тек бір қабатында тұрақты тірек бар болса да, екі қабаттың бірлескен жұмысын ескеру керек. Бұл үшін шарт байланыстар қабырғасында қабырғасында қолдану болып табылады (анкерлі құрылғылар). Егер екі қабатты қабырғаның тік шеттері бойынша сәйкесінше жалғаулары болса, қабырғаның тірекке берілетін жүктемесен тек қабырғаның бір қабатына ғана әсер ететін сияқты қабылдау керек. Қалған барлық жағдайларда жеке бірлескен жұмысты қолдануға жол беріледі.

8.1.3 Егер қалау қабаты әртүрлі материалдардан орындалған болса, онда серпімді сипаттаманы берілген серпімді сипаттамамен ауыстыру керек [9].

8.2 Тік жүктемелерге әсер етуді есептеу

8.2.1 [5.5.2.1 (2,3)] Толтырылған қос қабатты қабырғаның иілгіштігін есептеу кезінде қабырға қалыңдығын 100 мм артық емес аралық кеңістікпен есептейді. Конструкция элементінің иілгіштігі 27 аспауы тиіс.

8.2.2 [5.5.1.3(3)] Қабаттары ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 6.5-т. сәйкес байланыстармен жалғанған ауа саңылауы бар қос қабатты қабырға үшін қабырғаның тиімді қалыңдығын t_{ef} келесі формула бойынша есептейді

$$t_{ef} = \sqrt[3]{k_{ref} t_1^3 + t_2^3}, \quad (8.1)$$

мұндағы t_1, t_2 – қабаттардың нақты қалыңдығы немесе егер ол анықталатын болса, ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 (5.10) формула бойынша есептелінген олардың тиімді қалыңдығы, бұл жағдайда t_1 – сыртқы немесе кернелмеген қабат қалыңдығы, t_2 – ішкі немесе көтергіш қабат қалыңдығы;

$k_{\text{теf}} - t_1$ және t_2 қабаттарының әртүрлі серпімді модульдерін бөлу кезінде жекеге тең коэффициент.

ЕСКЕРТПЕ $k_{\text{теf}}$ мәні ұлттық қосымшада белгіленген. Ұсынылған мән $k_{\text{теf}} = E_1/E_2$, бірақ 2 артық емес.


8.2.3 [5.5.1.3(4)] Егер ауа саңылауы бар қос қабатты қабырғада жүктемеде тек қабаттардың біреуі ғана тұратын болса, онда қабырғаның тиімді қалыңдығын есептеу үшін анкерлер жүктелген қабаттан жүктелмеген қабатқа беретін жағдайда (8.1) формуласын қолдануға болады. Қабырғаның тиімді қалыңдығын есептеу кезінде жүктелген қабат қалыңдығынан артық емес қабырғаның жүктелмеген қабат қалыңдығын қабылдайды.

8.2.4 [6.1.2.1(4)] Ауа саңылауы бар қос қабатты қабырғаларда есептеуді әрбір қабырға қабаты бойынша жеке жүргізеді. Бұл үшін қабырғаның жүктелген қабатының көлденең қимасының ауданын және (8.1) формуласы бойынша тиімді қалыңдық кезінде анықталған сәйкесінше тиімді иілгіштігін қабылдайды.

8.2.5 [6.1.2.1(6)] Екі қабаты да ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 6.5-т. сәйкес өзара жалғанған және екі қабаты да іс жүзінде бірдей жүктелген ауа саңылауы жоқ қос қабатты қабырғаны бір қабатты қабырға немесе ауа саңылауы бар қос қабатты қабырға ретінде есептейді.

МЫСАЛ 1

Берілгені: Қалыңдығы $t_1 = 0,12$ м керамикалық тастардан жасалған беткі қабаты бар және қалыңдығы $t_2 = 0,24$ м силикатты блоктардан жасалған ішкі көтергіш қабаты бар 5-қабатты тас үйдің соңғы қабатындағы терезе арасындағы аралық. Терезе аралығының ені $b = 1,08$ м, ал оның аражабындар арасындағы биіктігі $h = 2,7$ м (8.1-сурет). Қалыңдығы 20 см темірбетонды монолитті аражабындар оның барлық қалыңдығы бойынша ішкі көтергішке тіреледі. Ішкі көтергіш қабат силикатты 2-топтың тасарынан жасалған, ал оның құрылысы А дәрежесіне сәйкес келеді. Силикат блоктарының сипаттамалық беріктігі $f_b = 5$ МПа, ал құрылыс ерітіндісі $f_m = 5$ МПа құрайды.



8.1-сурет – Жабыннан терезе аралығына 1 түсетін жүктемені анықтау (өлшемдері см)

Талап етіледі: Терезе аралығының тік және көлденең жел жүктемесіне әсерінің көтергіш қабілеттілігін тексеру.

Шешімі

Көтергіш ішкі қабаттың сығылуға сипаттамалық кедергісін анықтаймыз

$$f_k = K \cdot f_b^{0,70} \cdot f_m^{0,30} = 0,45 \times 15^{0,70} \times 5^{0,30} = 4,85 \text{ МПа},$$

мұндағы ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 3.3-кестесіне сәйкес конструктивті коэффициент $K = 0,45$.

Қалаудың байланысқан қима бойынша иілу кезіндегі сипаттамалық кедергісі $f_{xk2} = 0,4$ МПа, ал байланыспаған $f_{xk1} = 0,1$ МПа.

Қалаудың уақытша серпімділік модулі

$$E = 1000 \cdot f_k = 1000 \times 4,85 = 4850 \text{ МПа}.$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 2.4.3-т. сәйкес тас қалаудың қауіпсіздік коэффициентін қабылдаймыз $\gamma_M = 1,7$.

Терезе аралығының көлденең қима ауданы

$$A = b \cdot t = 0,24 \times 1,08 = 0,26 \text{ м}^2.$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес көлденең қима өлшемдеріне байланысты қауіпсіздік коэффициенті $\gamma_{Rd} = 1,1$.

Тас қалаудың есептік кедергісі:

- сығу кезінде

$$f_d = \frac{f_k}{\gamma_M} \cdot \frac{1}{\gamma_{Rd}} = \frac{4,85}{1,7} \times \frac{1}{1,1} = 2,60 \text{ МПа};$$

- байланыспаған қима бойынша иілуі кезінде

$$f_{xd1} = \frac{f_{xk1}}{\gamma_M} \cdot \frac{1}{\gamma_{Rd}} = \frac{0,10}{1,7} \times \frac{1}{1,1} = 0,05 \text{ МПа};$$

- байланысқан қима бойынша

$$f_{xd2} = \frac{f_{xk2}}{\gamma_M} \cdot \frac{1}{\gamma_{Rd}} = \frac{0,40}{1,7} \times \frac{1}{1,1} = 0,21 \text{ МПа}.$$

Конверт түрінде бүктеу кезінде терезе аралығына жиналатын жүктемедегі темірбетонды жабынның ауданы (8.1-сурет)

$$(1,5 \cdot 2,28) + \frac{1}{2} (2,28 + 2,25) 0,03 + \frac{1}{2} 2,25(2,775 - 0,12 - 1,53) = 4,75 \text{ м}^2.$$

Аражабыннан ішкі көтергіш қабатқа түсетін жүктеме

$$(7,6 + 2,88 + 1,5) 4,75 = 56,91 \text{ кН}.$$

Биіктігі 0,85 м парапет салмағын және терезе ойықтарын есепке алумен терезе аралығының жеке салмағынан түсетін жүктеме келесіні құрайды

$$[5,47 (2,70 \times 1,08 - 1,5 \times 1,2) + 1,94 \times 1,08] + 5,47 (0,85 \times 1,08) = 13,22 \text{ кН}.$$

Жабын астындағы қимадағы бойлық сығатын күш

$$N_{Edf} = N_{0d} = 56,91 \text{ кН}.$$

Терезе аралығы биіктігінің ортасындағы бойлық сығатын күш

$$N_{md} = N_{0d} + 0,5 \times 2,70 \times 5,47 \times 1,08 = 64,89 \text{ кН}.$$

Терезе аралығының төменгі бөлігіндегі бойлық сығатын күші

$$N_{Edf} = N_{0d} + N_{s1d} + N_{s2d} + 2,70 \times 5,47 \times 1,08 = 71,86 \text{ кН}.$$

Ені 2,28 м жүк ауданымен терезе аралығына түсетін жел жүктемесе

$$W_d = w_d \cdot 2,28 = 0,33 \times 2,28 = 0,75 \text{ кН/м}.$$

Терезе аралығы қимасының инерция моменті

$$I_1 = I_2 = \frac{b \cdot t^3}{12} = \frac{1,08 \times 0,24^3}{12} = 1,2442 \cdot 10^{-3} \text{ м}^4.$$

Терезе аралығының иілу қаттылығы

$$E \cdot I_1 = E \cdot I_2 = 4850 \times 1,2442 \times 10^{-3} = 6,04 \text{ МНм}^2.$$

Темірбетон жабынының инерция моменті

$$I_4 = \frac{b \cdot h_s^3}{12} = \frac{1,08 \times 0,20^3}{12} = 7,2 \times 10^{-4} = 72 \text{ 000 см}^4.$$

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2005/2011 3.1-кестеге сәйкес бетонның серпімділік модулі

$$E_4 = 30 \text{ 000 МПа.}$$

Жабынның иілу қаттылығы

$$E_4 \cdot I_4 = 30 \text{ 000} \times 7,2 \times 10^{-4} = 21,6 \text{ МНм}^2.$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 С-қосымшасына сәйкес 8.2-суреттің есептік сызбасына сәйкес шыбықтардың қаттылық коэффициенті

$$n_1 = n_4 = 3,$$


$$L_4 = 6,04 \text{ м.}$$

4-ші шыбыққа түсетін жүктеменің иілу моменті

$$\frac{q_{4d} \cdot 2,28 \cdot L_4^2}{4(n_4 - 1)} = \frac{(7,6 + 2,88 + 1,5) \times 2,28 \times (6,04)}{4(3 - 1)} = 124,6 \text{ кНм.}$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 С-қосымшасы (2) тармағына сәйкес есептік иілу моменті

$$M_{Edf} = \frac{\frac{n_1 \cdot E_1 \cdot I_1}{h_1} \left[\frac{q_{4d} \cdot 2,28 \cdot L_4^2}{4(n_4 - 1)} \right]}{\frac{n_1 \cdot E_1 \cdot I_1}{h_1} + \frac{n_4 \cdot E_4 \cdot I_4}{L_4}} = \frac{\frac{3 \times 6,04}{2,70} [124,60]}{\frac{3 \times 6,04}{2,70} + \frac{3 \times 21,60}{6,04}} = 47,95 \text{ кНм.}$$



1 – тас парпет, 2 – аралық, 3 – темірбетонды жабын

8.2-сурет – Гимараттың жоғарғы қабатында орналасқан көп қабатты қабырғаның тас аралығының есептік сызбасы

Иілу моменті аралықтың ішкі қабатының 0,45 қалыңдығынан асатын эксцентриситетті тудыратын болғандықтан, иілу моментін ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 С-қосымшасы (5) тармағына сәйкес анықтаймыз

$$M_{\text{Edf}} = N_{\text{Edf}} \frac{a}{2} + N_{\text{Edf}} \frac{(t+a)}{4}.$$

Қабырға бетінен аражабын плитасының астына дейінгі арақашықтықты қабылдай отырып $a = 0$ табамыз

$$M_{\text{Edf}} = 56,91 \times \frac{0}{2} + 56,91 \times \frac{(0,24+0)}{4} = 3,41 \text{ кНм.}$$

Жел әсерінен иілу моменті

$$M_{\text{wd}} = \frac{W_d \cdot h_k^2}{12} = \frac{0,75 \times 2,92^2}{12} = 0,53 \text{ кНм.}$$

Жабын плитасының астындағы қимадағы эксцентриситетті анықтау үшін келесі параметрлерді табамыз:

$\rho_2 = 1,00$ ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 5.5.1.2 (11)-тармағына сәйкес,

$h_{\text{ksw}} = 2,7$ м аражабындар арасындағы аралық биіктігі.

Аралықтың тиімді биіктігі

$$h_{\text{ef}} = \rho_2 \cdot h_{\text{ksw}} = 1,0 \times 2,7 = 2,7 \text{ м.}$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 5.5.1.3-тармағына сәйкес аралықтың тиімді қалыңдығы

$$t_{ef} = \rho_t \cdot t = 1,0 \times 0,24 = 0,24 \text{ м.}$$

Согласно п. ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 5.5.1.4-тармағына сәйкес аралық иілгіштігінің шарты сақталады:

$$\frac{h_{ef}}{t_{ef}} = \frac{2,70}{0,24} = 11,25 < 27.$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 5.5.1.1(4)-тармағына сәйкес бастапқы эксцентриситет

$$e_{init} = \frac{h_{ef}}{450} = \frac{270,0}{450} = 0,6 \text{ см.}$$

Жел жүктемесінің әсерінен болатын эксцентриситет

$$e_{he} = \frac{M_{wd}}{N_{ld}} = \frac{0,53}{56,91} = 0,93 \text{ м.}$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 5.5.1.1(4)-тармағына сәйкес жалпы эксцентриситетке қатысты шарт

$$e_1 = \frac{M_{Edf}}{N_{Edf}} + e_{init} + e_{he} \geq 0,05t$$

дегенмен орындалғандықтан

$$e_1 = \frac{3,41}{56,91} + 0,0060 + 0,0093 = 0,08 \text{ м} > 0,05t = 0,012 \text{ м.}$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 6.1.2.2-тармағына сәйкес Φ_1 коэффициентін анықтаймыз

$$\Phi_1 = 1 - 2 \frac{e_1}{t} = 1 - 2 \frac{8}{24} = 0,33.$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 6.1.2.1-тармағына сәйкес жабын плитасының астындағы аралықтың көтергіш қабілеттілігін анықтаймыз

$$A = t \cdot b = 0,24 \times 1,08 = 0,26 \text{ м}^2,$$

$$N_{Rd} = \Phi_1 \cdot A \cdot f_d = 0,33 \times 0,26 \times 2,60 = 223,08 \text{ кН,}$$

$$N_{Ed} = N_{Edf} \cdot b = 56,91 \times 1 = 56,91 \text{ кН.}$$

Сығу кезіндегі аралықтың беріктік шарты

$$N_{Ed} \leq N_{Rd},$$

дегенмен орындалғандықтан

$$N_{Ed} = 56,91 \text{ кН} < N_{Rd} = 223,08 \text{ кН}.$$

Жел әсерінен иілу кезіндегі аралықтың көтергіш қабілеттілігін анықтаймыз
Есептік жүктемеден түсетін сығу кернеуі. Шартты тексереміз:

$$\sigma_d = N_{Ed} / A \leq 0,2 f_d,$$

$$\sigma_d = \frac{56,91}{0,26} = 0,22 < 0,2 \times 2,60 = 0,52 \text{ МПа}.$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 6.3.1(4)-тармағына сәйкес иілу кезіндегі берілген беріктік

$$f_{xd1.app} = f_{xd1} + \sigma_d = 0,05 + 0,22 = 0,27 \text{ МПа}.$$

Аралықтың биіктік бірлігіне кедергі моменті

$$Z = \frac{b \cdot t^2}{6} = \frac{1,08 \times (0,24)^2}{6} = 0,010368 \text{ м}^3 = 10 \text{ 368 см}^3.$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 5.5.5(7)-тармағына сәйкес μ коэффициенті

$$\mu = \frac{f_{xd1}}{f_{xd2}} = \frac{0,05}{0,21} = 0,25.$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Е-қосымшасына сәйкес тарату коэффициенті

$$\alpha_2 = 1,0.$$

Жел әсерінен иілу моменті

$$W_{Ed} = w_d \cdot h_k = 0,33 \times 2,92 = 0,97 \text{ кН/м},$$

$$M_{Ed} = \mu \cdot \alpha_2 \cdot W_{Ed} \cdot b^2 = 0,25 \times 1,0 \times 0,97 \times (1,08) = 0,28 \text{ кН/м}.$$

Иілу кезіндегі аралықтың беріктік шарты


$$M_{Ed} \leq M_{Rd1},$$

сақталды:

$$M_{Ed} = 0,28 \text{ кНм} < M_{Rd1} = 2,8 \text{ кНм}.$$

МЫСАЛ 2

Берілгені: Ішкі көтергіш тас қабатынан тұратын, қалыңдығы $t_2 = 0,24$ м және жарықтағы биіктігі $h = 2,62$ м, аралығы $l = 5,5$ м және қалыңдығы $0,18$ м монолитті темірбетон аражабыны тірелетін көп қабатты қабырға (8.3-сурет). Қалыңдығы $t_1 = 0,12$ м беткі тасты қабат іргетасқа тіреледі және ішкі қабаттарға иілгіш байланыстармен жалғанған.



8.3-сурет – Көп қабатты тас қабырғаның конструктивті сызбасы

Ішкі қабаттың тас қалауын сығуға сипаттамалық кедергісі $f_k = 5,0$ МПа, ал есептік кедергісі $f_d = 2,83$ МПа құрайды.

Талап етіледі: Сығу кезінде қабырғаның ішкі қабатының көтергіш қабілеттілігін тексеру

Шешімі

Аражабынның $q_k = 2,25$ кН/м² ішкі қабатына өз салмағынан түсетін жүктеме $N_{Gk} = 60$ кН құрайды.

Қабырғаға түсетін пайдалы жүктеме $N_{Qk} = 140$ кН.

Қабырғаға түсетін жалпы жүктеме

$$N_{Ed} = 1,4 \cdot (N_{Gk} + N_{Qk}) = 1,4 \times (60 + 140) = 280 \text{ кН.}$$

Қабырғаның тиімді биіктігі

$$h_{ef} = \rho \cdot h = 0,9 \times 2,62 = 2,36 \text{ м,}$$

$f_k > 1,8$ МПа үшін коэффициент

$$\Phi_1 = 1,6 - l/6 < 0,90 \cdot (a/t) = 1,6 - 5,5/6 = 0,68 < 0,90,$$

мұндағы $(a/t) = 1,0$

Коэффициент

$$\begin{aligned} \Phi_2 = 0,85 \cdot \frac{a}{t} - 0,0011 \cdot \left(\frac{h_{ef}}{t} \right)^2 &= 0,85 \cdot (a/t) - 0,0011 \cdot (h_{ef}/t)^2 = 0,85 \times (1,0) - 0,0011 \times \\ &\times (2,36/0,24)^2 = 0,74, \end{aligned}$$

$$\Phi = \min (\Phi_1; \Phi_2) = \Phi_1 = 0,68.$$

Қабырғаның көтергіш қабілеттілігі

$$N_{Rd} = A \cdot f_d \cdot \Phi = 1,0 \times 0,24 \times 2,83 \times 0,68 = 462 \text{ кН}.$$

Беріктік шартын тексереміз

$$N_{Ed} = 280 < 462 = N_{Rd}.$$

Шарт орындалады

МЫСАЛ 3

Берілгені: әрқайсысының қалыңдығы $t = 0,12$ м беткі және ішкі қабаттан және қалыңдығы $c = 0,12$ м ішкі қабаттан тұратын, меншікті салмағы 6 кН/м^3 бар құйма пенобетонмен толтырылған сыртқы көп қабатты қабырғалары бар үш қабатты тасты тұрғын үй (8.4-сурет). Беткі және ішкі қабаттары цемент-ізбесті ерітіндіде 1-топты керамикалық тастардан орындалған (сығу кезіндегі қалаудың сипаттамалық кедергісі $f_k = 5,94 \text{ МПа}$). Олардың барлық қалыңдығы бойынша темірбетон белдіктер арқылы қабырғаға аралығы $l_{eff} = 5,48$ м монолитті темірбетон аражабындары тіреледі. Аражабындар арасындағы қабырғалардың биіктігі $h = 2,5$ м құрайды. Бірінші қабаттың ені $b = 1,6$ м аралығына түсетін есептік тік жүктеме $N_{Ed} = 526 \text{ кН}$ құрайды. Қабырғаға түсетін есептік жел жүктемесі $q_{Ewd} = 0,33 \text{ кПа}$.



1 – керамикалық тастардан қалау, 2 – құйма пенобетон
8.4-сурет – Үш қабатты үй қабырғасы (а) және оның тік қимасы (б)

Талап етіледі: Бірінші қабат аралығының көтергіш қабілеттілігін тексеру.

Шешімі

Аралықты есептеуді ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 сәйкес ықшамдалған әдіспен жүзеге асырамыз. Көрсетілген әдісті қолдану мүмкіндігіне жол беретін қосымша шарттарды орындауды тексереміз (4.2.1.2-тармақ ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011).

1.1-шарт:

$$l_f = l_{\text{eff}} = 5,48 \text{ м} \leq 7,0 \text{ м}, N_{\text{Ed}} \leq k_G t b_1 f_d,$$

мұндағы $k_G = 0,2$ – 1-тас тобынан қалауға арналған коэффициент (4.2.1.2 (1)-тармақ ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011);

$$f_d = f_k / \gamma_m = 5,94 / 1,7 = 3,49 \text{ МПа};$$

$$t = 2 \times 0,12 = 0,24 \text{ м};$$

$b_1 = 3,52 \text{ м}$ – жүктеме әсер ететін қабырғаның есептік ені (8.4а-суретіндегі штрихтелген учаске).

$$N_{\text{Ed}} = 526 \text{ кН} < 0,2 \times 0,24 \times 3,52 \times 3,49 = 590 \text{ кН}.$$

1.2-шарт:

$$l_f \leq 4,5 + 10t \text{ когда } f_d > 2,5 \text{ МПа},$$

$$l_f = l_{\text{eff}} = 5,48 \text{ м} < 4,5 + 10 \times 0,24 = 6,9 \text{ м}.$$

Екі шарт та орындалады.

Ықшамдалған есептеу әдісін қолдануға рұқсат ететін ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 4.2.1.2 (2)Р-тармағының шартын тексереміз

$$t \geq \frac{c_1 q_{\text{Ewd}} b h^2}{N_{\text{Ed}}} + c_2 h,$$

мұндағы $c_1 = 0,14$, $c_2 = 0,022$ - $\alpha = N_{\text{Ed}} / (t \cdot b \cdot f_d) = 526 \times 10^3 / (0,24 \times 3,52 \times 3,49) = 0,18$ үшін ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 4.1-кестесінен

$$t = 0,24 \text{ м} > 0,14 \times 0,33 \times 3,52 \times 2,5^2 \times 10^3 / 526 + 0,022 \times 2,5 = 0,06 \text{ м}$$

шарт орындалады.

Аралықтың тиімді биіктігін анықтаймыз (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 4.2.2.4-тармақ)

$$h_{\text{ef}} = \rho_4 \cdot h k_{\text{sw}} = 1,0 \times 2,50 = 2,5 \text{ м}.$$

Аралықтың тиімді қалыңдығын анықтаймыз (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 5.5.1.3-тармақ)

$$t_{\text{ef}} = \rho_{\text{t2}} \cdot t = 1,0 \times 0,36 = 0,36 \text{ м}.$$

Аралықтың иілгіштігін анықтаймыз (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 5.5.2.1-тармақ)

$$h_{\text{ef}} / t_{\text{ef}} = 2,5 / 0,36 = 6,94 < 27.$$

Редукциялық коэффициентті анықтаймыз (ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 4.2.2.3-тармақ)

$$\phi_s = 0,85 - 0,0011(h_{ef}/t_{ef})^2 = 0,85 - 0,0011 \times 6,94^2 = 0,8,$$

$$\phi_s = 1,3 - l_f/8 = 1,3 - 5,48/8 = 0,62 < 0,85.$$

Кіші мәнді қабылдаймыз $\phi_s = 0,62$

Аралық қимасы біртекті болмағандықтан, оның ауданын қалауға берілген сыртқы көтергіш қабаттармен анықтаймыз. Толтыру бетонның серпімділік модулі $E_c = 800$ МПа, ал аққыштық коэффициенті $\Phi_c = 0,9$. Керамикалық тастардан қалаудың серпімділік модулін EN 1052-1 сәйкес келесі формуладан анықтаймыз:

$$E_b = K_E \cdot f_k = 1000 \times 5,94 = 5940 \text{ МПа.}$$

Керамикалық тастардан қалаудың аққыштық коэффициенті $\Phi_b = 0,6$.

Толтыру бетонның ұзақ серпімділік модулі және керамикалық тастардан қалау:

$$E_{\text{longterm},c} = E_c / (1 + \Phi_c) = 800 / (1 + 0,9) = 421 \text{ МПа,}$$

$$E_{\text{longterm},b} = E_b / (1 + \Phi_b) = 5940 / (1 + 0,6) = 3713 \text{ МПа.}$$

Аралықтың берілген қима ауданы

$$A = 2b \cdot t + b \cdot c \cdot E_{\text{longterm},c} / E_{\text{longterm},b} = 2 \times 1,6 \times 0,12 + 1,6 \times 0,12 \times 421 / 3713 = 0,406 \text{ м}^2.$$

3-3 қимадағы сығу кезінде аралықтың көтергіш қабілеттілігін анықтаймыз (8.4а-сурет)

$$N_{Rd} = \phi_s \cdot A \cdot f_{d,s} = 0,62 \times 0,406 \times 3,49 \times 10^3 = 879 \text{ кН.}$$

Аралықтың көтергіш қабілеттілігін қамтамасыз ету шарты

$$N_{Ed} = 526 \text{ кН} < N_{Rd} = 879 \text{ кН}$$

орындалған болып табылады.

8.3 Көлденең жүктемелердің әсерін есептеу

8.3.1 [5.5.5 (3)] Тас қалау қабырғасының көлденең жүктемеден иілуін есептеу кезінде қабырғадағы тік деформацияланған жікті моменттердің және көлденең күштердің берілісі болмайтын қабырға шеті ретінде қарастырады.


8.3.2 [5.5.5(1)] Тас қалау қабырғасының көлденең жүктемеден иілуін есептеу кезінде келесілерді ескеру керек:

- гидроокшаулау қабаттарының әсері;
- тіреу шарты, аралық тіректер (тік көлденең қабырғалар, контрфорстар) арасындағы шектердегі қабырғаның үздіксіздігі (босатулардың болмауы).

8.3.3 [5.5.5 (4)] Тірек сызығы бойынша есептік көлденең жүктеменің тірек реакцияларын қабырға биіктігі бойынша біркелкі таратылу сияқты тіректерді есептеу

кезінде қабылдауға жол беріледі. Тіректегі кернеу анкерлер, қабырға пилондары немесе аражабын және жабын плиталары қабылдануы мүмкін.

8.3.4 [5.5.5(5)] Егер көлденең жүктеме кезінде иілетін қабырғалар тік жүктемемен жүктелген қабырғалармен жалғанған болса немесе егер оларға темірбетонды аражабындар қойылған болса, онда тіректі тұтас сияқты қарау керек. Қабырғада гидроокшаулау қабаты болған жағдайда оны бір аралықты арқалық ретінде қарастырады. Егер қабырғалар анкерлердің көмегімен көлденең тік қабырғамен немесе басқа қаңқа конструкцияларымен тік шеттері бойынша жалғанған болса, онда тік жақтарында, егер анкерлердің беріктігі есептеумен анықталуы мүмкін болса, моменттерді жеке берілуін қабылдауға рұқсат етіледі.



8.5-сурет – Қаңқаны толтыратын ішкі тас қабатын барлық контуры бойынша (а) және аражабын арасындағы көлденең деформация жігін орнату кезінде және тас қалаудың үстіне (б) тіреу [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Е-қосымшасы]

8.3.5 [5.5.5(7)] Егер қабырға үш немесе төрт жағына тірелетін болса (8.5-сурет), момент M_{Ed1} келесі түрде есептейді:

– егер қабырғаның омырылу жазықтығы көлденең жіктерге параллель болса (байланыспаған қима бойынша), яғни бағытына қарай f_{xk1} ,

$$M_{Ed1} = \alpha_2 W_{Ed} l^2 \text{ қабырғаның ұзындық бірлігіне} \quad (8.2)$$

немесе

– егер омырылу жазықтығы көлденең жіктерге перпендикуляр болса (байланысқан қима бойынша), яғни бағытына қарай f_{xk2} ,

$$M_{Ed2} = \alpha_2 W_{Ed} l^2 \text{ қабырғаның ұзындық бірлігіне,} \quad (8.3)$$

мұндағы α_1, α_2 – шеттері бойынша қабырғаны бекіту деңгейін және қабырға шеттерінің қатынасын есептеу арқылы анықталған иілу моментінің коэффициенті,

l – тіректер арасындағы қабырға ұзындығы;

W_{Ed} – аудан бірлігіне түсетін көлденең жүктеменің есептік мәні.

Қалыңдығы 250 мм артық емес бір қабатты қабырғалар үшін α_1 және α_2 момент коэффициенттерінің мәндері ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Е-қосымшасында көрсетілген, бұл жағдайда $\alpha_1 = \mu \alpha_2$, мұндағы μ – иілу беріктігін есептеу кезінде, екі ортогональды бағыттарда моменттердің әрекет ету кезінде тас қалауды ию кезінде беріктіктің созылуға

қатысты коэффициенті. ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 3.6.3-тармағына сәйкес $\mu = f_{xd1}/f_{xd2}$ немесе $\mu = f_{xd1,app}/f_{xd2}$ - 6.3.1 (4)-т. немесе $\mu = f_{xd1}/f_{xd2,app}$ - 6.6.2 (9)-т.

8.3.6 [5.5.5(8)] Иілу моментінің коэффициентін анықтау үшін гидроокшаулау қабаты болған кезде, егер гидроокшаулау қабатындағы тік кернеу есептеу моменті салдарынан кернеуге тең немесе көп болса, иілу кезіндегі толық қаттылықты қолдануға рұқсат етіледі.

8.3.7 [5.5.5(9)] Егер қабырға тек жоғарғы және төменгі жақтарынан бекітілген болса, онда моментті бірлескен жұмысты есептеу арқылы жалпы қабылданған есептеу ережелері бойынша есептеуге рұқсат етіледі.

8.3.8 Егер қаңқа ғимаратының толтыратын көп қабатты қабырғасы 8.5б-суретінің сызбасына сәйкес жапсарлас конструкциялармен түйісетін болса, онда оның тік көлденең қабырғаларға анкерлену қажеттілігін тексеру керек.

МЫСАЛ 1

Берілгені: Беткі қабатының қалыңдығы $t_1 = 120$ мм және көлемдік салмағы $g_1 = 18$ кН/м³ көп қабатты қабырға толық құйма керамикалық тастардан, ал ішкі өздігінен көтергіш қабаттың қалыңдығы $t_2 = 250$ мм және көлемдік салмағы $g_2 = 11$ кН/м³ - қуыс тастардан жасалған. Қабырғаның ішінде қалыңдығы $t_p = 90$ мм және көлемдік салмағы $g_p = 0,45$ кН/м³ пенополистиролды жылытқыштың ішкі қабатына бекітілген ауа саңылауы бар (8.6-сурет). Беткі қабат қалыңдығы $b = 80$ мм бойынша көп қабатты қаңқа ғимаратының шеттеріне бекітілген тізімді металл кронштейндерге тіреледі. Ішкі қабаты аражабындарға тіреледі және арақашықтығы $L = 5$ м құрайтын көлденең темірбетон арақабырғаларға түйінdestіріледі. Ішкі қабаттың үстіңгі жағы мен аражабындар арасында деформация саңылауы бар. Қабат биіктігі $H = 3,2$ м, ал ішкі қаба биіктігі $H_2 = 2,9$ м. беткі және ішкі тас қабаттар өзара иілгіш көлденең байланыстармен жалғанған. Қарастырылып отырған қабырға 20-қабатта және есептік жел жүктемесінің (сорудың) әсерін сынайды $q = 0,75$ кН/м².

Талап етіледі: Ішкі тас қабатты көлденең арақабырғаларға оның төңкеріліп кетуінің алдын алу мақсатында орнату керек.

Шешімі

Жеке салмағын анықтаймыз:

- беткі қабаттың

$$F_v = g_1 \cdot t_1 \cdot H \cdot L = 18 \times 0,12 \times 3,2 \times 5 = 37,5 \text{ кН};$$

- жылытқыштың

$$P = g_p \cdot t_p \cdot H \cdot L = 0,45 \times 0,09 \times 3,2 \times 5 = 0,65 \text{ кН};$$

- ішкі қабаттың

$$G = g_2 \cdot t_2 \cdot H_2 \cdot L = 11 \times 0,25 \times 2,9 \times 5 = 39,9 \text{ кН};$$


Желдің сорылу және жылытқышты орталықтан тыс тіреу әсерінен туындаған төңкерілетін моментті анықтаймыз

$$M_0 = q \cdot L \cdot H/2 + P \cdot t_p/2 = 0,75 \times 5 \times 3,2/2 + 0,65 \times 0,09/2 = 0,632 \text{ кНм}.$$

Тас қабаттардың жеке салмағының әсерінен ұстап тұратын моментті анықтаймыз

$$M_y = F_1 (t_1 - b)/2 + G t_2/2 = 37,5 (0,12 - 0,08)/2 + 39,9 \times 0,25/2 = 0,57 \text{ кНм.}$$

Дегенмен $M_0 = 0,632 \text{ кНм} > M_y = 0,57 \text{ кНм}$, онда ішкі қабат көлденең монолиті қабырғалардағы анкерлерге бекітілуі тиіс.




1 – өздігінен көтергіш ішкі тасты қабат, 2 – жылытқыш, 3 – беткі тасты қабат,
4 – металл кронштейн, 5 – көлденең деформациялық жік

8.6-сурет – Көп қабатты қабырғаны монолитті қаңқа ғимараттың аражабындарымен түйіндісіру

МЫСАЛ 2

Берілгені: Бес қабатты үйдің темірбетонды толтыруы болып табылатын терезе ойығы бар көп қабатты қабырға (8.7-сурет). Қалыңдығы $t_2 = 0,36 \text{ м}$ ішкі өздігінен көтергіш қабат жұқа ерітінді жіктеріндегі тығыздығы $f_b = 2,4 \text{ МПа}$ ұяшықты бетон блоктардан орындалған. Қабырғалар темірбетон аражабындарына тіреледі және барлық контуры бойынша қаңқаның көтергіш элементіне иілігіш анкерлермен бекітілген. Қалыңдығы $t_1 = 0,09 \text{ м}$ қуысты керамикалық тастардан жасалған беткі қабат аражабындардағы металл кронштейндерге тіреледі және иілігіш байланыстармен ішкі қабатпен жалғанған. Иілу кезіндегі қалаудың сипаттамалық беріктігі көлденең ерітінді жіктерінің бағытына перпендикулярлығы $f_{xk1} = 0,18 \text{ МПа}$ құрайды, ал жіктерге параллелдігі $f_{xk2} = 0,2 \text{ МПа}$. Тас қалау үшін қауіпсіздік коэффициенті $\gamma_m = 1,7$.

Талап етіледі: Есептік мәні $q_d = 0,53 \text{ кН/м}^2$ құрайтын көлденең жел жүктемесіне қабырғаның көтергіш қабілеттілігінің әсерін тексеру.



8.7-сурет – Терезе ойықтары бар қабырға өлшемдері (а) және оны есептеу учаскелеріне бөлу (б)

Шешімі

ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 В-қосымшасына сәйкес терезе ойығының ені қабырға ұзындығынан 1/3 кем болғандықтан, есептеу үшін оның А және Б учаскесін қабылдаймыз (8.7б-сурет).

(8.1) формуласы бойынша қабырғаның тиімді қалыңдығын анықтаймыз

$$t_{ef} = \sqrt[3]{k_{tef} t_1^3 + t_2^3} = (2 \times 0,09^3 + 0,36^3)^{0,33} = 0,365 \text{ м.}$$

Ішкі қабатты қалаудың иілу кезіндегі созылуының есептік кедергісін анықтаймыз

$$f_{xd1} = f_{xk1} / \gamma_m = 0,18 / 1,7 = 0,106 \text{ МПа,}$$

$$f_{xd2} = f_{xk2} / \gamma_m = 0,2 / 1,7 = 0,118 \text{ МПа.}$$

Ені $b = 1,0$ м қабырғаның оның жазықтығынан иілу кезіндегі кедергі моментін анықтаймыз

$$W = b (t_{ef})^2 / 6 = 1,0 \times 0,365^2 / 6 = 0,022 \text{ м}^3.$$

Қабырғаны жазықтықтан иілу кезіндегі оның көтергіш қабілеттілігін анықтаймыз:

көлденең ерітінді жіктерінің бағытына қарай

$$M_{Rd2} = W f_{xd2} = 0,022 \times 0,118 \times 10^3 = 2,6 \text{ кНм.}$$

Перпендикуляр көлденең жіктерінің бағытына қарай

$$M_{Rd1} = W f_{xd1} = 0,022 \times 0,106 \times 10^3 = 2,33 \text{ кНм.}$$

(8.2) және (8.3) формулалары бойынша ішкі қабаттағы жел жүктемесінен түсетін есептік иілу моменттерін анықтаймыз. А және Б учаскелерінің есептік сызбасы ретінде ҚР ҚН ЕН 1996-1-1:2005/2011 Е- қосымшасындағы А сызбасын қабылдаймыз.

Коэффициент мәнін анықтаймыз

$$\mu = f_{xd1}/f_{xd2} = 0,18/0,20 = 0,9.$$

А учаскесі үшін иілу моменттері:

- көлденең ерітінді жіктеріне перпендикуляр жазықтықта

$$W_{Ed} = q_d a_w/b = 0,53(1,5 + 1,5/2)/1,5 = 0,79 \text{ кН/м}^2;$$

$$M_{Ed1} = \alpha_2 W_{Ed} l^2 = 0,137 \times 0,79 \times 1,5^2 = 0,245 \text{ кНм};$$

- көлденең ерітінді жіктеріне параллель жазықтықта

$$M_{Ed2} = \mu \alpha_2 W_{Ed} l^2 = 0,9 \times 0,137 \times 0,79 \times 1,5^2 = 0,22 \text{ кНм}.$$

Б учаскесі үшін иілу моменттері:

- көлденең ерітінді жіктеріне перпендикуляр жазықтықта

$$W_{Ed} = q_d a_w/b = 0,53(2,56 + 1,5/2)/2,56 = 0,7 \text{ кН/м}^2;$$

$$M_{Ed1} = \alpha_1 W_{Ed} l^2 = 0,07 \times 0,7 \times 2,56^2 = 0,33 \text{ кНм};$$

- көлденең ерітінді жіктеріне параллель жазықтықта

$$M_{Ed2} = \mu \alpha_2 W_{Ed} l^2 = 0,9 \times 0,07 \times 0,7 \times 2,56^2 = 0,29 \text{ кНм};$$

Беріктік шарты

$$M_{Rd} > M_{Ed},$$

А учаскесі үшін:

$$2,33 > 0,245,$$

$$2,66 > 0,22.$$

Б учаскесі үшін:


$$2,33 > 0,33,$$

$$2,66 > 0,29.$$

Иілу кезіндегі беріктік шарты орындалды.

МЫСАЛ 3

Берілгені: Темірбетонды қаңқаны толтырғыш болып табылатын биіктігі $h = 2,6$ м және ұзындығы $l = 5,4$ м ауа саңылауы бар көп қабатты тегіс қабырға. Қалыңдығы $t_2 = 0,24$ м ішкі өздігінен көтергіш тас қабат жазықтықта иілу кезінде қалаудың келесі сипаттамалық кедергілерімен қуысты керамикалық тастардан жасалған: $f_{xk1} = 0,1$ МПа және $f_{xk2} = 0,4$ МПа. Қалыңдығы $t_1 = 0,12$ м толық құйма керамикалық тастардан жасалған беткі тасты қабат гидроокшаулау төсемесі арқылы аражабынға тіреледі және иілігіші байланыстармен ішкі қабатпен жалғанған (8.8-сурет). Қабырғаның жоғарғы жағы мен аражабын арасында аражабынның майысуынан қабырғаға түсетін жүктеменің берілуінің алдын алатын көлденең деформациялы саңылау бар. Ішкі қабаты иілігіш анкерлердің көмегімен ғимарат қаңқасының көлденең темірбетонды арақабырғаларына бекітілген.



1 – ішкі қабат, 2 – беткі қабат, 3 – темірбетонды аражабын

8.8-сурет – Монолитті темірбетон қаңқасымен толтырылған көп қабатты тас қабырғаның конструктивті сызбасы

Талап етіледі: Есептік мәні (ағыны) $p = p_{Ed} = 0,45$ кН/м² құрайтын, көлденең жел жүктемесінің әсеріне қабырғаның көтергіш қабілеттілігін тексеру

Шешімі

Берілген шекаралық шарттарға сәйкес қабырғаның есептік сызбасын 8.5б-суретіне сәйкес қабылдаймыз. Иілу кезіндегі қабырғаның көтергіш қабілеттілігі жазықтықтан оның ішкі қабатының көтергіш қабілеттілігімен шектеледі деп санаймыз. Қауіпсіздік коэффициенті кезіндегі иілу кезінде ішкі қабат қалауының есептік кедергісі $\gamma_m = 1,7$

$$f_{xd1} = f_{xk1} / \gamma_m = 0,1 / 1,7 = 0,06 \text{ МПа,}$$

$$f_{xd2} = f_{xk2} / \gamma_m = 0,4 / 1,7 = 0,24 \text{ МПа.}$$

Қабырғаның көтергіш қабілеттілігін тексеруді екі тәсілмен жүзеге асырамыз.

А. ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 сәйкес ықшамдалған әдіс

Қабырғаның тиімді қалыңдығын (8.1) формула бойынша анықтаймыз

$$t_{ef} = \sqrt[3]{k_{tef} t_1^3 + t_2^3} = (1 \times 12^3 + 12^3)^{0,33} = 15,1 \text{ см.}$$

Қабырғаның салыстырмалы геометриялық параметрлерін анықтаймыз

$$l/t_{ef} = 540/15,1 = 35,8 ,$$

$$h/t_{ef} = 260/15,1 = 17,2.$$

Қабырғаның салыстырмалы геометриялық параметрлерінің алынған мәндері үшін ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 С-қосымшасының С.6-суретіне сәйкес және $f_{xd1}/p_{Ed} = 0,06 \times 10^3 / 0,45 = 133$ қатынасы кезінде қабырға көлденең жүктеменің әсерінен көтергіш қабілеттілігінің талаптарын қанағаттандырады.

Б. ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 5.5.5-тармағына сәйкес көтергіш қабілеттілікті тексеру
Ені $b = 1,0$ м қабырғаның кеңістіктен иілу кезіндегі кедергі моменті

$$W = b (t_{ef})^2 / 6 = 1,0 \times 0,151^2 / 6 = 0,0038 \text{ м}^3.$$

Байланбаған қалау қимасына қатысты иілу кезіндегі көтергіш қабілеттілігі

$$M_{Rd1} = 0,0038 \times 0,24 \times 10^3 = 0,912 \text{ кНм.}$$

Қалаудың байланған қимасына қатысты иілу кезіндегі көтергіш қабілеттілігі

$$M_{Rd2} = 0,0038 \times 0,06 \times 10^3 = 0,228 \text{ кНм.}$$

Жел жүктемесінің әсерінен иілу моменттерін анықтаймыз $W_{Ed} = p_{Ed} = 0,45 \text{ кН/м}^2$.

$h/l = 2,6/5,4 = 0,48$ үшін ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Е-қосымшасының А сызбасына сәйкес коэффициент мәні $\alpha_2 = 0,068$.

(8.2) формуласы бойынша тас қалаудың байланған қимасына қатысты иілу моменті

$$M_{Ed1} = \alpha_2 W_{Ed} l^2 = 0,068 \times 0,45 \times 5,4^2 = 0,89 \text{ кНм.}$$

(8.3) формуласы бойынша тас қалаудың байланбаған қимасына қатысты иілу моменті

$$M_{Ed2} = \mu \alpha_2 W_{Ed} l^2 = 0,25 \times 0,068 \times 0,45 \times 5,4^2 = 0,22 \text{ кНм.}$$

Ішкі қабаттың екі қалау қимасындағы иілу кезіндегі беріктік шарты

$$M_{Rd1} = 0,912 \text{ кНм} > M_{Ed1} = 0,89 \text{ кНм,}$$

$$M_{Rd2} = 0,228 \text{ кНм} > M_{Ed2} = 0,22 \text{ кНм.}$$


Иілу кезіндегі беріктік шарты орындалды.

8.4 Температура әсерлерінен туындаған деформациясынан беткі қабатты есептеу

8.4.1 Көп қабатты тас қабырғаларда температураның ықпалына беткі қабат ұшырайды. Температура әсерінен туындаған деформацияға оның сызатқа төзімділігі тік және көлденең деформациялық жіктерді орналастырумен қамтамасыз етеді (осы құралдың 7.6-тармағын қараңыз). Жіктер арасындағы арақашықтық қалау беріктігін және анкерлі байланыстардың беріктігін арттырмау шарттарынан есептеу арқылы келесілерге байланысты орнатылады:


- температураның мезгілдік айырмаларының шамасы;
- қаптама қабаты қалауының қалыңдығы мен түрлері;
- тастар мен ерітіндінің физика-механикалық қасиеттері;
- аражабындар қаттылығы;
- терезе және есік ойықтарын ескере отырып, қабырға геометриясы;
- қабырғалардағы арматуралау, атыздар және тереңдіктердің, сонымен қатар басқа факторлардың болуы.

8.4.2 ҚР ҚН EN 1996 нормалары температуралық әсер етулерге көп қабатты тас қабырғалардың әдістемелерін бермейді. Бұл жағдайда соңғы элементтер әдісіне негізделген, мысалы [45], мамандандырылған бағдарлама кешендерін қолдана отырып, құрылыс механикасының сандық әдістерін қолдануға болады. Нәтижесінде нақты есептік жағдай үшін беткі тас қабатының кернеулі-деформацияланған күйіне әсер етуші факторлардың көп түрлігін ескеру мүмкіндігі ұсынылады. [3] жұмысынан пайдаланған осындай есептеулердің таңдалған нәтижелері 8.9-суретте берілген.




8.9-сурет – Деформацияланған сызба және өлшемі 10 м × 12 м (жазғы уақытта) үш қабатты ғимараттың көлденең деформацияланған жіктері жоқ беткі тас қабаттағы көлденең кернеулердің изоөрістері [3]

8.4.3 Ғимарат үшін қаптама қабатының сандық есептеулерін үлкендігін ескере отырып, қабырғаның жеке көріністерін, мысалы қабат (8.10-сурет) немесе оның учаскесі (8.11-сурет) шектерінде есептеумен шектелуге болады.



8.10-сурет – Деформацияланған сызба және өлшемі 25 м × 25 м ғимарат қабатының шектерінде көлденең деформацияланған жіктері бар беткі тас қабаттағы көлденең кернеулердің (қысқы уақыттағы жазықтықтағы иілу) изоөрістері (ұяшықты-бетон блоктардан жасалған ішкі тасты қабат шартты түрде көрсетілмеген) [3]



1 – тасты беткі қабат, 2 – темірбетонды аражабындар, 3 – негізгі созылатын кернеулер траекториясы, 4 - сызат

8.11-сурет – Жоғарғы аражабындар мен тас қалау арасындағы көлденең деформацияланған жігі болмаған кездегі беткі тас қабаттағы негізгі созылатын кернеулердің (қысқы уақытта) изоөрістері [20]

МЫСАЛ 1

Берілгені: Тік деформациялық жіктер арасындағы ұзындығы $L = 10$ м беткі тас қабат аумағы. Қалыңдығы 0,12 м және биіктігі $h = 3,0$ м беткі қабат қабат бойынша қалау ерітіндісі арқылы темірбетонды аражабын плитасына тіреледі, ал жоғарғы жағында көлденең деформациялық жік бар. Беткі қабатта биіктігі 2,5 м есіктегі балкон ойығы және терезе ойығы бар. Беткі қабатты қалау жалпы арналған ерітіндідегі 1-дәрежелі керамикалық тастардан жасалған $f_m = 0,4$ МПа және жобалық пайдалану мерзімінің 3-класына сәйкес келеді. Қалыңдығы 0,24 м ішкі өздігінен

көтергіш тас қабат қуыс керамикалық блоктардан орындалған және беткі қабатымен анкерлік байланыстармен жалғанған.

Талап етіледі: Жазғы және қысқы мерзім арасында 30 °С шамасындағы температура айырмасы әсер еткен кездегі беткі тас қабаттың көтергіш қабілеттілігін тексеру

Шешімі

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 3.6.3(3)-тармағына сәйкес қалаудың иілу кезіндегі созылу беріктігінің сипаттамалық мәндерін табамыз: $f_{xk1} = 0,1$ МПа, $f_{xk2} = 0,2$ МПа. ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 2.3(3)-т. сәйкес тас қалау үшін қауіпсіздік коэффициенті $\gamma_m = 2,0$.

Қалау беріктігінің есептік мәндері


$$f_{xd1} = f_{xk1} / \gamma_m = 0,1/2 = 0,05 \text{ МПа},$$

$$f_{xd2} = f_{xk2} / \gamma_m = 0,2/2 = 0,1 \text{ МПа}.$$

Қысқы уақыттағы беткі қабаттың температура әсерлеріне кернеулі күйін SCAD бағдарламасымен соңғы элемент талдауы арқылы орындаймыз. 8.12-суретте есептеумен алынған изоөрістер және барлық беткі қабат аумағында негізгі созылатын кернеулердің σ_1 траекториясы берілген. Олардың талдауынан беткі қабаттағы негізгі созылатын кернеулердің ең көп концентрациясы келесі аумақтарда байқалады:

- төменгі аймақта, мұндағы температура әсерінен туындаған деформациялар қалаудың аражабын плитасымен ілінісуімен неғұрлым сығылысқан ($\sigma_1 = 0,8 - 1,14$ МПа),
- біріккен есік және терезе ойықтарының маңдайшалары үстінде ($\sigma_1 = 0,942$ МПа),
- оң жақтағы терезе ойығының терезеалды аймағында ($\sigma_1 = 1,16$ МПа).

Көрсетілген негізгі созылатын кернеулер σ_1 көлденең ерітінді жіктерін бойлай бағытқа немесе оларға жақын бұрышпен бағдарланған және осы бағытта қалаудың созылу беріктігінен біршама асып түседі $f_{xd2} = 0,1$ МПа.



8.12-сурет - Есік және терезе ойықтары бар қаптама қабаты траекториясының температура әсерлеріне кернеулі күйін есептеу нәтижелері (негізгі созылатын кернеулердің изоөрісі және траекториясы, кПа)

Берілген сандық талдауда температураның берілген есептік айырмасы кезінде беткі тас қабатындағы көтергіш қабілеттілігі қамтамасыз етілмегені көрсетіледі. Осыған байланысты беткі қабаттың ең кернеулі аумақтарын арматуралаймыз. Көлденең арматураны есік және терезе

ойықтарына, сонымен қатар биіктігі 1,0 м беткі қабаттың төменгі аймағына орналастырамыз. Терезе ойықтары мен аражабын плитасы арасындағы қимадағы қалаумен қабылданған созылатын күшті анықтаймыз (8.12-суреттегі оң жақта):

$$N_{Ed} = A \sigma_1 = 1,0 \times 0,12 \times 1,08 \times 10^3 = 129,6 \text{ кН.}$$

Болаттың есептік кедергісімен арматура қимасының талап етілген ауданын табамыз $f_y = 420 \text{ МПа}$

$$A_s = N_{Ed} / f_y = 129,9 \times 10 / 420 = 3,09 \text{ см}^2.$$

Қима ауданы $A = 12 \times 0,283 = 3,39 \text{ см}^2 > A_s = 3,09 \text{ см}^2$ диаметрі 6 мм дөңгелек болаттан дайындалған 12 шыбықты қабылдаймыз (төрт көлденең ерітінді жіктерінде 3 шыбық бойынша). Сәйкестендіру мақсатында беткі қабаттың қалған қайта кернеуленген аумақтарын осыған ұқсас арматуралаймыз.

Беткі қабаттың көтергіш қабілеттілігін қамтамасыз етудің басқа ең үнемді тәсілі мүмкін: беткі қабаттың темірбетон аражабындарымен түйіспесіндегі үйкелісті шеттете отырып, созылатын кернеуді кеміту арқылы. Осы мақсатпен плита мен оған тірелетін беткі қабат арасына үлдірлі гидроокшаулау материалдарынан дайындалған антифрикциялық төсемені орналастырамыз, ол ішкі және беткі қабаттар арасында жиналған конденсатты қайтару үшін бір уақытта қызмет етеді (осы құралдың қосымшасының А.18 және А.24-суреттерін қараңыз).

8.5 Анкер байланыстарын есептеу

8.5.1 [6.5(1)P] Анкерлердің (байланыстардың) беріктігін есептеуде келесі шарттарды ескеру керек:

– конструкцияның жалғанған элементтері арасындағы, мысалы, қаптама қабатындағы және ішкі шақырымның тас қалауындағы температураның айырмасы салдары, ылғалдылықтың өзгеруі және әсерлер сияқты деформация айырмасы;

– көлденең жел жүктемесін;

– ауа саңылауы бар қос қабатты қабырғаның екі қабатының өзара әсер ету күштері.

8.5.2 [6.5(2)P] Анкерлердің (байланыстардың) беріктігін анықтау кезінде пішіннің ауытқуын және құрылыс жұмыстары кезінде және пайдалану процесінде көп дүркін деформациялануға байланысты морт сыну қауіптілігін қосқанда материалға әсер ететін кез келген әсерлерді ескеру керек.

8.5.3 [6.5(3)P] Егер қабырғалар, әсіресе ауа саңылауы бар қос қабатты қабырғалар жел жүктемелеріне ұшыраса, онда екі қабатты да жалғайтын анкерлер (байланыстар) жүктелген қабаттан жел жүктемелерін басқа қабатқа, қаптамасы жоқ тас қалауға немесе пилястрлерге беру күйінде болуы тиіс.

8.5.4 [6.5(4)P] Қабырғаның бірлік ауданына n_t анкерлердің (байланыстардың) минималды мөлшерін (8.4) формуласы бойынша анықтайды, бұл жағдайда анкерлер (байланыстар) мөлшері ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 8.5.2.2-тармағында белгіленгеннен кем болмауы тиіс.

$$n_t \geq \frac{W_{Ed}}{F_d}, \quad (8.4)$$

мұндағы W_{Ed} – қабырға ауданының бірлігіне көлденең (көлденең) жүктеменің есептік мәні;

F_d – қолданылатын есептік жағдайда сығылатын және созылатын күштер кезінде анкер беріктігінің (байланыс элементі) есептік мәні.

8.5.5 [6.5(5)P] Сәндеу қабаты бар қос қабатты қабырға жағдайында W_{Ed} мәнін анкерлер (байланыстар) әсемдеу қабатына әсер ететін барлық көлденең жел жүктемесін оның артындағы тірек конструкциясына беретіндей етіп есептейді.

МЫСАЛ

Берілгені: Қалыңдығы 12 см беткі тас қабаттан және қалыңдығы 300 мм ұяшықты бетон блоктардан дайындалған ішкі қабаттан тұратын $s = 100$ мм ауа саңылауы бар көп қабатты қабырға. Екі қабат та өзара болаттың есептік кедергісімен $f_y = 235$ МПа S 235 диаметрі $d = 6$ мм дөңгелек болаттан дайындалған Z –тәрізді көлденең анкерлер жалғанған. Қабырғадағы есептік жел жүктемесі: ағын $q_n = 0,25$ кН/м², сору $q_o = 0,18$ кН/м² құрайды.

Талап етіледі: 1 м² қабырға бетіндегі тас қабаттар арасындағы анкер байланыстарының мөлшерін анықтау.

Шешімі

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 8.5.2.2-тармақ талаптарына сәйкес 1 м² қабырға бетіндегі анкер шыбықтарының минималды мөлшері $n_{min} = 2$ құрайды. Анкерлердің минималды мөлшерін (8.4) формула бойынша анықтаймыз. Көлденең жүктеменің $q_n = 0,25$ кН/м² $> q_o = 0,18$ кН/м² есептік мәні үшін жел ағынының қабылдаймыз, яғни $W_{Ed} = q_n = 0,25$ кН/м². Анкердің есептік моделі ретінде тас қабаттарда ұштарымен қысылған орталықтан сығылған шыбықты қабылдаймыз.

Шыбықтың есептік ұзындығы $L_{cr} = \mu s = 0,5 \cdot 100 = 50$ мм. Шыбық қимасының геометриялық сипаттамалары: $A = 0,283$ см², $J = 0,0491 \cdot d^4 = 0,0491 \times 0,6^4 = 0,0064$ см⁴, $i = (J/A)^{0,5} = (0,0064/0,283)^{0,5} = 0,15$ см. Осы тік сығу кезіндегі шыбықтың көтергіш қабілеттілігін келесі формуладан анықтаймыз

$$F_d = \chi A f_y,$$

мұндағы ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 6.2-кестесіне сәйкес төмендету коэффициентін χ «с» тұрақтылықты жоғалту сызығы бойынша анықтаймыз.

ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 6.3.1.3-тармағына сәйкес

$$\lambda_1 = 93,9(235/f_y)^{0,5} = (235/235)^{0,5} = 93,9.$$

Шыбықтың иілгіштігі

$$\lambda = L_{cr}/i = 50/0,15 = 33,3.$$

Шыбықтың шартты иілгіштігі

$$\lambda^* = \lambda/\lambda_1 = 33,3/93,9 = 0,364.$$

ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 6.4-суреттің «с» сызығы бойынша $\chi = 0,91$ табамыз.

Сығу кезіндегі шыбықтың көтергіш қабілеттілігі

$$F_d = 0,91 \times 0,283 \times 235 \times 10^{-1} = 6,1 \text{ кН.}$$

(8.4) формуласына сәйкес 1 м^2 қабырға бетіндегі анкерлердің талап етілген мөлшері

$$n_t = W_{Ed}/F_d = 0,25/6,1 = 0,04.$$

1 м^2 қабырғаның $n_{\min} = 2$ тал анкерлер мөлшерін біржола қабылдаймыз. Тас қалаудың көлденең ерітінді жіктеріне анкерлерді орналастыруды осы құралдың 7.1-суретіне сәйкес қабылдаймыз.

8.6 Тірек кронштейндерін есептеу

8.6.1 Беткі тас қабат тірелетін металл кронштейндерді беткі қабат салмағынан тік жүктеме әсеріне есептеу керек.

8.6.2 Жүйелік кронштейндерді қолдану кезінде зауыт дайындаушысымен декларацияланатын көтергіш қабілеттілігін (А.2 қараңыз) оларды көтергіш конструкцияларға есептеуді орындау керек. Кронштейн бекіткіштерінің көтергіштік қабілеттілігі әртүрлі тас қалау түрлері үшін EN 846-10 сәйкес жүргізілген сынақтар негізінде белгіленеді.

МЫСАЛ 1


Берілгені: Толық құйма керамикалық тастардан дайындалған биіктігі $H = 3,0$ м және қалыңдығы $d = 12$ см қабат бойығша тіреумен көп қабатты қабырғаның беткі қабаты. Қалау $c = 0,5$ м қадаммен темірбетон қабырғаға аражабындар деңгейінде бекітілген металл кронштейндерге тіреледі (8.13а-сурет). Жұмыс биіктігі $x = 18$ см Halfen [18] фирмасының кронштейндері цилиндр болат анкердің ($f_d = 235$ МПа) көмегімен қабырғаға бекітіледі, ал олардың конструкциясы 35 мм шектерінде тас қалауды тіреу биіктігін реттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Беткі қабат жел жүктемесін қабылдайтын көлденең иілгіш байланыстардың ішкі қабатымен жалғанған. Беткі және ішкі қабаттар арасындағы ауа саңылауының қалыңдығы $a = 120$ мм құрайды.

Талап етіледі: Кронштейн бекітілген анкердің темірбетон қабырғасындағы өңдеудің диаметрі мен тереңдігін анықтау.

Шешімі

Кронштейнге $\gamma_f = 1,35$ қауіптілік коэффициенті 18 кН/м^3 көлемді салмағы қалау салмағынан түсетін F_v тік жүктемені анықтаймыз

$$F_v = \gamma_f 18 H d c = 1,35 \times 18 \times 3,0 \times 0,12 \times 0,5 = 4,37 \text{ кН.}$$



8.13-сурет – Тірелетін беткі тас қабатының салмағынан кронштейнге түсетін күшті анықтау (өлшемдері мм)

Темірбетон қабырғасы және күштің әсер ету осі F_v арасындағы арақашықтықты анықтаймыз (8.13а-сурет мәліметтері негізінде)

$$b^* = a + (d - 25)/2 = 120 + (120 - 25)/2 = 167,5 \text{ мм} = 0,17 \text{ м.}$$

Z және D күш жұптарының минималды иінін анықтаймыз

$$z_{\min} = x - 7,5 - 35 = 180 - 7,5 - 35 = 137,5 \text{ мм} = 0,138 \text{ м.}$$

Анкердегі Z жұлып алынатын күштің шамасын анықтаймыз

$$Z = F_v b^* / z_{\min} = 4,37 \times 0,17 / 0,138 = 5,38 \text{ кН.}$$

Созу кезіндегі оның көтергіш қабілеттілігі шарттарынан анкер қимасының талап етілген ауданын анықтаймыз

$$A = Z / f_d = 5,38 \times 10^5 / 235 = 23 \text{ мм}^2.$$

Диаметрі 8 мм ($A = 50,2 \text{ мм}^2$) анкерді қабылдаймыз

Анкерге әсер ететін теңдей әсер етуші күш шамасын R_z анықтаймыз (8.13б-сурет)

$$R_z = [Z^2 + (F_v)^2]^{0,5} = [4,37^2 + 5,38^2]^{0,5} = 6,93 \text{ кН.}$$

$R_z = 6,93 \text{ кН}$ үшін [18] каталогынан анкерлеу тереңдігін 80 мм қабылдаймыз.

9 АСПАЛЫ ЖЕЛДЕТІЛЕТІН ҚАСБЕТТЕРДІҢ КОНСТРУКТИВТІ ШЕШІМДЕРІ


9.1 Қаптама асты қаңқасы

9.1.1 Аспалы қасбеттер үшін ішкі жүйелердің белгілі түрлерін қолдану керек: көлденең, тік және құрамдастырылған. Көзқарас тұрғысынан ең нашар жұмыс бұралу арқылы иілумен жұмыс істейтін көлденең бағыттаушылардан дайындалған конструкция болып табылады. Бағыттаушы профильдерді тік орналстырған ішкі жүйе есептік желдетілетін саңылауды қамтамасыз етеді. Құрамдастырылған жүйе ең қатты болып табылады және бір уақытта жылытқыш пен мембрананы сенімді бекітуге мүмкіндік береді.

9.1.2 Қапталған қаңқа температураның мезгілдік және тәуліктік ауытқуынан жылжуларды сіңіруі, ғимараттың біркелкі емес шөгуі, өрт және жер сілкіну кезінде қаптаманы ұстап тұруы тиіс. Осы мақсаттарда деформация жіктерін орналастыру, сонымен қатар лента түріндегі созылымды элементтерді, тығыздағыштарды және төсемдерді қолдану керек (9.1-сурет).

9.1.3 Қаңқаның көтергіш элементтерін алюминийден, тот баспайтын немесе мырышпен қапталған болаттан немесе қосындыланған қорытпалардан дайындалған Т-, П-, Г-тәрізді және қорап тәрізді пішіндерден жасау қажет. Бұл ретте, басымдылық тасымалдау, монтаждау және пайдалану кезінде жоғары кеңістіктік қаттылыққа ие қорап тәрізді бітеу қималы пішіндерге берілген жөн. Сәйкес келетін негіз кезінде антисептиктелген кума ағаш бұйымдар қолданылуы мүмкін [5,6].

9.1.4 Байланысатын коррозияның туындауын алдын алу үшін қапталған қаңқадағы барлық элементтер үйлесімді элементтерден орындалуы тиіс.



- 1 – ішкі көтергіш қабырға, 2 – консольдер, 3 – қаптама плиталарын бекітуге арналған ұзындығы L тік профильдер, 4 – тік бағыттағы профильді 3 консольдермен қозғалмалы жалғау, 5 – профильді консольмен қозғалмайтын жалғау (Н – көлденең жел жүктемесі, V – тік жүктеме)

9.1-сурет – Бағыттаушы профильдерді консольдерге бекіту [5]

9.1.5 Қапталған қаңқалардың конструктивті шешімдері осы құралдың Б.1-тармағында, сонымен қатар әдебиет көздерінде [5, 6, 39, 40, 41, 42, 43] берілген.

9.2 Консольдер

9.2.1 Консольдер конструкциясы тік және көлденең жазықтықтарда қаңқаны түзету мүмкіндігін қамтамасыз етуі және жылытқыштың талап етілетін қалыңдығына байланысты көтергіш қабырғадан қаптамаға дейінгі қажетті арақашықтықты түзуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты өндіріспен шығарылатын типтік өлшем қатарын қолдану керек немесе ұзындықты өзгертудің кең шектерімен консольдерді, сонымен қатар әдебиет көздерін қолдану керек (осы құралдың Б-қосымшасын, сонымен қатар әдебиет көздері [5, 6, 39, 40, 41, 42, 43] қараңыз).

9.2.2 Суықтық көпірінің пайда болуын болдырмау үшін консольдер мен көтергіш қабырғаның арасына жылу оқшаулау төсеелерін орналастыру арқылы консольдің көтергіш қабырғамен тікелей түйісуінен аулақ болу керек (5.6-сурет).

9.2.3 Консольдерді қабырғаға бекітетін анкерлер мен дюбельдер сертификатталуы және аталған барлық сипаттамаларға сәйкес келуі тиіс.

9.2.4 Болатпен салыстырғанда алюминий консольдердің төменгі көтергіш қабілеттілігі мен отқа төзімділігіне байланысты оларды қолданудан аулақ болу керек.

9.3 Қаптама

9.3.1 Қаптама қорғаныш-сәндеу функцияларын орындауы тиіс: жылытқышты, қапталған конструкцияны ғимарат қабырғасын зақымданулардан және атмосфералық әсерлерден қорғау, сонымен қатар оның эстетикалық кейпін қалыптастыруы тиіс.

9.3.2 Пайдалану тәжірибесімен тексерілген зауыт шығарған материалдарды қолдану керек: табиғи тас, керамикалық гранит, цемент-талшықты плиталар, мрамормен толтырылған бетон плиталар, полимербетон панельдер, ламинатталған панельдер, винилді сайдинг, полиуретанды және полиэстерлі панельдер, шыны қаптама бұйымдар, металл қаптама бұйымдар, олардың композициялық материалдарынан жасалған қаптама бұйымдар, қаптама сендвич-панельдер [39, 40, 41, 42, 43, 44].

9.3.3 Қаптаманы қаңқаға бекітуді (бұрамашегелер, тойтарма, кляммер, клипс және т.б.) қаптама материалының түріне байланысты таңдау керек.

10 АСПАЛЫ ЖЕЛДЕТІЛЕТІН ҚАСБЕТТЕРДІ ЕСЕПТЕУ

10.1 Қапталған қаңқаны есептеу

Қапталған қаңқа қаптама салмағын, өзінің салмағын және жел жүктемесін көтеруі тиіс.

МЫСАЛ

Берілгені: 9.1-суретте көрсетілгендей консольдерге бекітілген және қабырғаны бойлай $a = 0,6$ м қадаммен орналасқан тік бағыттаушылардан тұратын аспалы қасбеттің қапталған қаңқасы. Бағыттаушылар келесі геометриялық сипаттамалары бар қорап тәрізді профильдерден

дайындалған (осы құралдың Б.4-суреті): $A = 11 \text{ см}^2$, $J = 130 \text{ см}^4$, $W = 26 \text{ см}^3$. Профиль материалы – алюминий қорытпасы келесі сипаттамаларымен: $E = 72000 \text{ МПа}$, $f_d = 235 \text{ МПа}$.

Талап етіледі: Иілу кезіндегі профильдердің көтергіш қабілеттілігін және қарқындылығы $q_k = 0,3 \text{ Мпа}$ жел жүктемесінің әсерінен пайдалану жарамдылығын тексеру.

Шешімі

Профильдің 1 кума м түсетін жел жүктемесінің нормативтік мәнін ҚР ҚН EN 1991-1-4:2005/2011 сәйкес анықтаймыз

$$p_k = a q_k C_e C_{\beta} = 0,6 \times 0,3 \times 0,8 \times 2,2 \times 1,2 = 0,42 \text{ кН/м.}$$

Қума жел жүктемесінің есептік мәні

$$p = p_k \gamma_f = 0,42 \times 1,5 = 0,63 \text{ кН/м.}$$

Есептік жүктемеден түсетін иілу моменттерін $p = 0,63 \text{ кН/м}$ және нормативтік жүктеменің бүгілулерін $p_k = 0,42 \text{ кН/м}$ 10.1-суреттегі есептік сызбаға сәйкес SKAD бағдарламасының көмегімен анықтаймыз.

Иілу кезіндегі профильдің көтергіш қабілеттілігі

$$M_{Ed} = W f_d = 26 \times 235 \times 10^{-3} = 61 \text{ кНм.}$$

Орташа тірек үстіндегі максималды иілу моментінің әсерінен беріктік шартын тексереміз $M_{max} = 0,104 \text{ кНм}$


$$M_{Ed} = 6,1 \text{ кНм} > M_{max} = 0,104 \text{ кНм.}$$

Беріктік шарты орындалды.

Пайдалану жарамдылығының шартын тексереміз. Профильді бүгудің шекті мәні $w_p/L = 1/200$ ($w_p = L/600 = 1500/200 = 7,5 \text{ мм}$). Статикалық есептеу арқылы алынған бүгудің максималды мәні (10.1-сурет) $w_{max} = 0,00693 \text{ м} = 6,93 \text{ мм}$.

$$w_{max} = 6,93 \text{ мм} < w_p = 7,5 \text{ мм.}$$

Пайдалану жарамдылығы бойынша шарт орындалды.



10.1-сурет – Иілгіш моменттердің (кНм) және иілу қисығының (м) профиль, эпюраның есептік сызбасы

10.2 Консольдерді есептеу

Консольдердің көтергіш қабілеттілігі негізінен дайындалған металдың қалыңдығымен және қасиеттерімен, сонымен қатар пішінімен, мысалы, қаттылық қабырғаларының болуымен анықталады. Консольдердің және консольдерді қабырғаға бекіту анкерлерінің көтергіштік қабілеттілігі EN 846-10 талаптарына сәйкес сынау көмегімен белгіленуі қажет.

МЫСАЛ

Берілгені: қалыңдығы 10 мм шыныдан және сөре және қабырға қалыңдығы $t = 8$ мм алюминий қорытпасынан ($f_d = 210$ МПа) дайындалған 2Т-тәрізді қиманың консолінің көмегімен көтергіш кірпіш қабырғаға бекітілген алюминий қаптама қаңқадан тұратын аспалы желдетілетін қасбет (осы құралдың қосымшасындағы Б.10-суретті қараңыз). Қаптама және қапталған конструкцияның салмағынан консольге түсетін тік жүктеме $V = 3,5$ кН, ал көлденең жел жүктемесі (сору) $H = 1,8$ кН құрайды. Консоль диаметрі $d = 8$ мм ($f_d = 235$ МПа) екі болат цилиндр анкерлердің көмегімен көтергіш қабырғаға бекітілген. Жалғаулардың геометриялық параметрлері 10.2-суретте көрсетілген.

Талап етіледі: Консольдердің көтергіш қабілеттілігін және оларды ішкі көтергіш қабырғаға анкерлеуін тексереміз.

Шешімі

Келесі шарттан созылу арқылы иілу кезіндегі консоль қабырғаларының көтергіш қабілеттілігін тексереміз

$$M/M_R + H/N_R < 1,$$

бұл жерде

$$M = V(c - 0,008) = 3,5(0,085 - 0,008) = 0,27 \text{ кНм},$$

$$M_R = W \cdot f_d = 2 \cdot t \cdot h^2 f_d / 6 = 2 \times 8 \times 80^2 \times 210 \times 10^{-6} / 6 = 3,584 \text{ кНм},$$

$$N_R = A \cdot f_d = 2 \cdot t \cdot h f_d = 2 \times 8 \times 80 \times 210 \times 10^{-2} = 268,8 \text{ кН}.$$

Консольдердің көтергіш қабілеттілігі:

$$0,27/3,584 + 1,8/268,8 = 0,08 < 1.$$

Екі анкердегі D жұлыпалу күшінің шамасын келесі шарттан анықтаймыз

$$D = V \cdot c / z + H = 3,5 \times 75 / 65 + 1,8 = 5,84 \text{ кН}.$$

Созылу кезіндегі бір анкердің көтергіш қабілеттілігі

$$N_R = A \cdot f_d = \pi d^2 f_d / 4 = 3,14 \times 8^2 \times 235 \times 10^{-3} / 4 = 11,8 \text{ кН}.$$

Созылу кезіндегі анкердің беріктік шарты

$$D/2 = 5,84/2 = 2,92 \text{ кН} < 11,8 \text{ кН}$$

орындалды.


Қиылу кезіндегі бір анкердің көтергіш қабілеттілігі

$$N_v = 0,58A \cdot f_d = 0,58 \pi d^2 f_d / 4 = 0,58 \times 3,14 \times 8^2 \times 235 \times 10^{-3} / 4 = 6,61 \text{ кН}.$$

Қиылу кезіндегі анкер беріктігінің шарты

$$V/2 = 3,5/2 = 1,75 \text{ кН} < 6,61 \text{ кН}$$

орындалды.



10.2-сурет – Желдетілетін қасбеттің аспалы қаңқасының тірек консолінің есептік сызбасы

11 ЖҰМЫСТАРДЫ ӨНДІРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ


11.1 Беткі тас қабаты бар қабырғалар

11.1.1 Беткі және ішкі тас қабаттарды қалауды 11.1-суретке сай реттікпен 50 см биіктікке дейінгі учаскелермен бір уақытта орындау керек.

11.1.2 Плита материалдарынан дайындалған жылытқыш ішкі көтергіш қабатқа бекітілуі және оның ішкі бетіне тығыз жанасуы тиіс. Жылытқыш бекіткішін тәрелке тәрізді қақпағы бар дюбельдердің көмегімен немесе қысқыш сақиналары бар анкерлік байланыстар арқылы желіммен (пенополистиролдан дайындалған плиталар) жүзеге асыруға болады (5.2-сурет).


11.1.3 Суықтық көпірін болдырмау үшін жылытқыш плиталарының шеттері арасындағы монтаждау саңылауы 2 мм аспауы тиіс. Монтаждау саңылауларының аражабындары бар плита жылытқыштарының екі қабатын қолдану рационалды болып табылады. Желдету саңылауы болмаған кезде жылытқыш ретінде құйылатын жеңіл бетондарды немесе төкпелі шөкпейтін материалдарды (керамзит, түйіршіктелген пенополистирол және басқалар) қолдануға болады.

11.1.4 Беткі қабатты тұрғызу кезінде қабырғаның барлық ауданы бойынша қалыңдығы бірдей болатын желдетілетін саңылаудың ішіне құрылыс ерітіндісінің түсіп кетуінен аулақ болу керек. Беткі қабаттың ішкі беті тегіс болуы тиіс. Осы мақсатпен қалауды тұрғызу кезінде қорғаныш элементтерін қолдану керек (11.2-сурет).



1 – құрылыс ерітіндісін төсеу, 2 – байланыстыру элементтерін төсеу, 3 – биіктігі 50 см дейінгі ішкі көтергіш қабатты қалау, 4 – жылытқышты төсеу, 5 – беткі қабатты ішкі қабат қалауының деңгейімен қалау


11.1-сурет – Көпқабатты қабырғаларды қалауды тұрғызу реттілігі [9]



1 – беткі қабатты қалау кезіндегі қорғаныш тақтайы,
2 – ішкі қабатты қалау кезіндегі қорғаныш білеушесі

11.2-сурет – Құрылыс материалының көп қабатты ауа саңылауына түсуінің алдын алатын шаралар [13]

11.1.5 Сылақ салынбаған беткі қабаттың атмосфера ылғалымен ылғалдануы тік ерітінді жіктері арқылы орын алатындықтан соңғылары түгел ерітіндімен толтырылуы тиіс. Беткі қабат үшін гидроокшаулағыш қоспалары бар қалау ерітінділерін қолдану керек, ал беткі қабаттың сыртқы жағынан ерітінді жіктерді сөгу 11.3-суретте көрсетілген тәсілдердің бірімен орындалуы тиіс.




1 – жаңбыр суының жиналатын жері

11.3-сурет – Көлденең ерітінді жіктерін беткі тас қабаттың сыртқы жағынан сөгудің дұрыс (а) және дұрыс емес (б) тәсілдері [9]


11.1.6 Қалау жұмыстары кезінде анкерлік байланыстарды майыстыруға болмайды, себебі жел жүктемесінің әсерінен сығуға көтергіш қабілеттілігін төмендетеді, қорғанышты антикоррозиялық жабынның зақымдануына, сонымен қатар беріктелмеген ішкі қабаттың ерітінді жіктерінде анкерлеу ұзындығын кемітуге алып келуі мүмкін. Анкерлік байланыстарды көлденең жазықтыққа қатысты тек беткі қабат жағына қарай аздап еңкейтуге жол беріледі (11.4-сурет).

11.1.7 Көлденең ерітінді жіктері биіктігі бойынша дәл келмеген жағдайда (әртүрлі биіктіктегі тастарды қолдануға байланысты) жоғары иілу қаттылығы бар анкерлі байланыстарды қолдануға жол берілмейді, себебі бұл беткі тас қабаттың зақымдануына алып келуі мүмкін (11.5-сурет).



1 – анкерлерді рұқсат етілген түрде орналастыру, 2 – анкерлерді дұрыс орналастыру,
3 – анкерлерді рұқсат етілмеген түрде орналастыру


11.4-сурет – ҚР СТ EN 845-1 сәйкес беткі тас қабатты және жылытқышты конденсатпен ылғалдандырудың алдын алатын тамшылатқышы бар анкерлерді орналастыру



1 – беткі тасты қабат, 2 – ішкі тасты қабат, 3 – көлденең байланыстарды дұрыс орналастыру,
4 – байланыстарды ішкі қабат жағына қарай дұрыс емес ию,
5 – байланыстарды ішкі қабат жағына қарай дұрыс ию

11.5-сурет – Шамадан тыс қатты көлденең байланыстарды қолданған кезде (б) беткі қабаты зақымданған беткі және ішкі тас қабаттардың көлденең ерітінді жіктерінің биіктігі бойынша (а) дәл келмеген кездегі көлденең байланыстардың орналасуы [8]


11.1.8 Көп қабатты қабырғаларда атыздар мен арналар тек ішкі көтергіш тас қабатта ғана орналасуы тиіс (11.6-сурет).



11.6-сурет – Арматураға арналған тік арналардың (а), инсталляцияға арналған атыздардың (б) және армотас белдіктердің (в) көп қабатты қабырғалардың ішкі көтергіш тас қабатында орналасуы [30]

11.1.9 Терезе мен есік ағаш жұмыстары арасындағы тас қабаттары бар барлық түйіспе беті бойынша жапсарлары созылымды герметикамен тығыздалуы тиіс.

11.1.10 Қабырғаларды тұрғызу барысындағы технологиялық үзілістер кезінде тас қалау және жылытқыш атмосфералық жауын-шашындардан үлдірлі жабындармен қорғалуы тиіс (11.7-сурет).



11.7-сурет – Көп қабатты қабырғалардың тұрғызылған тас қалауын атмосфералық жауын-шашыннан қорғау [8]

11.2 Аспалы желдетілетін қасбеті бар қабырғалар

11.2.1 Желдетілетін қасбеттерді монтаждауды төменгі жағынан жоғары келесі реттілікпен жүзеге асыру керек: консольдерді орнату, жылытқышты және қасбеттік желгидрооқшаулау мембранасын монтаждау, бағыттаушы профильдерді монтаждау, қаптаманы монтаждау.

11.2.2 Монтаждау процесінде консольдерді тексеру керек:

- консольдерді орнату дәлдігі мен қадамы;
- консольдерді анкерлеуге арналған қабырғалардағы саңылаулар тереңдігін, диаметрін және тазалығын;

- қабырға және консольдер арасындағы термооқшаулау төсемелерінің бар-жоғын;
- консольдерді үзілуіне ішінара сынау арқылы олардың бекіту беріктігін;
- консольдердің сызат, майысу және бүгілу түріндегі ақаулықтарының болмауы.

11.2.3 Жылытқышты монтаждау кезінде әрбір көлденең қатар шахмат байланысы үшін плиталардың алдыңғы жапсарларына қатысты жылжуы тиіс. Суықтық көпірін болдырмау үшін жабылатын жапсарлары бар қос қабатты жылыту жүйесін қолдану ұсынылады, оның төменгі қабаты жартылай қатты плиталардан, ал сыртқысы жел қағудан жылытқыш сақтайтын тығыз плиталардан тұрады.

11.2.4 Жылытқыш плиталарын тәрелке тәрізді дюбельдермен бекіту керек, олар кемінде 50 мм тереңдікте қабырғаға анкерленуі тиіс. 1 м² жылытқышта дюбельдердің мөлшері кемінде 4 болуы тиіс.

11.2.5 Желгидроқорғау мембрананы бекіту үшін жылытқыш плиталары да бекітілетін тәрелке тәрізді дюбельдерді қолдануға болады. Бұл жағдайда мембрана желдетілетін саңылау қалыңдығын кішірейтуді болдырмау үшін иілмеуі тиіс. Мембрана төсемінде кемінде 15 см бірінен кейін бірі болмауы және өзара желімделуі тиіс.

11.2.6 Көтергіш профильдерді консольдерге бекітуді тойтарма шегелер, өзі ескіш бұрамалар немесе бұрандамалар арқылы жүзеге асыру керек. Профильдерді монтаждау сапасын бақылауды келесі белгілер бойынша жүзеге асыру керек:

- 30 бастап 50 мм дейін жобалық желдетілетін саңылаудың болуы,
- профильдер жапсарларындағы деформациялық саңылаулардың болуы,
- профильдер осьтері арасындағы есептік арақашықтықты ұстау дәлдігі,
- жүйе жазықтығын көрсету дәлдігі,
- қаңқа элементтерін бекіту сенімділігі,
- түрдің жобаға сәйкестігі және бекіткіштер мөлшері.

11.2.7 Қаптаманы монтаждау кезінде келесі параметрлер бақылануы тиіс:

- панельдерді орнату жазықтығы,
- қаптаманы бекіту сенімділігі,
- клеммерлер, тойтарма шегелер, жылытқыштар мөлшері және түрі,
- қаптама элементтері арасындағы саңылау өлшемі, жиектемелерді орнату дұрыстығы.

А-қосымшасы
(ақпараттық)

Беткі тасты қабаты бар қабырғалардың конструктивті шешімдері


А.1 Анкерлі байланыстар

А.1.1 Қабырғалардың беткі және тасты қабаттарын жалғайтын анкерлік байланыстардың көтергіш қабілеттілігі созылу кезінде кемінде 600 Н және сығу кезінде 350 Н болуы және өндіруші кепілдік беруі тиіс.

А.1.2 Иілгіш анкерлік байланыстардың көтергіш қабілеттілігінен 30 % дейін жылжыту 1 мм аспауы тиіс.


А.1.3 ҚР СТ EN 845-1 сәйкес еуропалық тәжірибеде ең көп қолданылатын анкерлі байланыстар А.1 – А.7-суреттерде берілген. Шетел тәжірибесінде қолданылып жүрген анкерлердің өзге түрлері А.8 – А.16-суреттерде көрсетілген.

А.1.4 Беткі қабаты бар қуыс ысыы блоктардан жасалған ішкі қабатты жалғауды екі тас қабатынан көлденең арматуралау функциясын орындай алатын тікбұрышты ұяшықтары бар болат торлардың көмегімен жүзеге асыру сенімді болады (А.17-сурет).




1 – жұқа табақты металдан жасалған анкерлі пластиналар, 2 – спиральды немесе бұрандамалы анкер, 3 - майысқан пластиналардан жасалған анкер, 4 – сымды анкерлер


А.1-сурет – Қабырғалардың тас қабаттары арасындағы анкерлі байланыстардың түрлері [ҚР СТ EN 845-1]




1 – пластиналы, 2, 3 – сымды, 4, 5 –Г – тәрізді пластиналы, 6 – беткі қабатты анкерлеу
А.2-сурет – Беткі тасты қабатты ішкі көтергіш конструкциялармен жалғайтын анкерлер түрі [ҚР СТ EN 845-1]




1 – топсалы анкер, 2 – бағыттаушыларға тігінен жылжитын анкер
А.3-сурет – Температура әсерлерінен туындаған беткі қабаттың тік деформациялары еркіндігіне мүмкіндік беретін тасты беткі қабатты қосылыс [ҚР СТ EN 845-1]




А.4-сурет – Температура әсерлерінен туындаған беткі қабаттың тік деформациялары еркіндігін қамтамасыз ететін бағыттаушы тік металл шиналар арқылы тасты беткі қабаттың ішкі беткі қабатпен жалғануы [ҚР СТ EN 845-1]



А.5-сурет – Температура әсерлерінен туындаған беткі қабаттың тік деформациялары еркіндігін қамтамасыз ететін аралық бағыттаушы металл шиналардың 1 көмегімен ішкі беткі қабатпен жалғануы [ҚР СТ EN 845-1]




А.6-сурет – Тасты беткі қабаттың құрылғы орындарындағы ішкі тік деформациялық жіктермен жалғануы [ҚР СТ EN 845-1]




1 – бұрыштық анкер, 2,3 – пластиналы анкерлер, 4 – тік деформациялы жік


А.7-сурет – Беткі қабаттың сырғымалы анкерлердің көмегімен тік деформациялы жік 4 орнында бірігуі [ҚР СТ EN 845-1]




А.8-сурет – Ішкі тас қабатындағы ілмек тәрізді анкерленетін топсалы анкер [19]




А.9-сурет – Желімдей қосылыстың 2 көмегімен ішкі тасты қабатқа бекітілетін топсалы анкер 1 [19]




А.10-сурет – Бұрамалы қосылыстың 2 көмегімен ішкі тасты қабатқа бекітілетін топсалы анкер [19]



А.11-сурет–Сымды (б,г,д) жолақты (а,в) болаттан жасалған анкерлер түрі




А.12-сурет - Беткі тасты қабатты қуысты бетон блоктардан тұратын ішкі көтергіш қабатымен қосатын сымды анкерлердің түрі [15]




1 – ішкі көтергіш қабат, 2 – жылытқыш, 3 – анкер, 4 – беткі тасты қабат

А.13-сурет – Температура әсерлерінен туындаған тасты беткі қабаттың тік және көлденең деформациялары еркіндігіне мүмкіндік беретін топсалы анкердің көмегімен тас қабаттарды қосу [36]




1 - ішкі қабат, 2 – жолақты тесілген болаттан жасалған анкер, 3 – беткі тасты қабат, 4 – химиялық анкер

А.14-сурет – Пластикалы анкердің көмегімен қабаттарды қосу [36]




А.15-сурет – Монолитті бағытаушылардың көмегімен бетоннан жасалған ішкі көтергіш қабатпен қосылатын сымды анкер [34]




1 – анкер, 2 – беткі қабаттың бұрғыланған тасы, 3 – бекітуші қляммер, 4 - жылытқыш, 5 – ішкі тасты қабат

А.16-сурет – Диаметрі 4 мм сымды анкерлердің көмегімен бұрғыланған тастардың тасты беткі қабатын қосу[21]




А.17-сурет – Тасты қабаттарды беткі 1 және ішкі 2 тас қабаттарды бір уақытта арматуралау арқылы арматуралы саты тәрізді торлармен 3 қосу [15]

А.2 Тасты беткі қабатты тіреу




1 - ішкі көтергіш тасты қабат, 2 – биіктігі 9 м дейінгі тасты беткі қабат, 3 – анкерлер, 4 – іргетасқа сүйелген биіктігі 9 м дейінгі беткі тасты қабат, 5 – желдетілетін саңылауға арналған желдету арналары, 6 – көлденең деформациялық жік, 7- аражабынның тірек консоли, 8 –конденсатты шығаруға арналған саңылау, 9 – гидрооқшаулау, 10 – құрылыс ерітіндісі шығатын еңіс, 11 – аражабын шетжағын термооқшаулау

А.18-сурет – Беткі қабатты темірбетон аражабындарының шетжағына тіреу [9]




1 – беткі қабат, 2 – желдетілетін саңылау, 3 – жылытқыш. 4 – ішкі тасты қабат,
5 – темірбетонды аражабын, 6 – темірбетонды консоль, 7 – темірбетонды консольдің жұмыс
арматурасы


А.19-сурет – Беткі қабатты шығыңқы бетон консольге тіреу [24]




А.20-сурет - Беткі тасты қабатты металл консольдерге тіреу [17,18]



**А.21-сурет – Беткі тасты қалауды тіреуге арналған металл консольдер
[ҚР СТ EN 845-1]**




**А.22-сурет –JORDAL фирмасының тасты беткі қабат қалауын тіреуге арналған
металл консольдері [33]**



1 – металл консоль, 2 – беткі тасты қабат, 3 – ішкі көтергіш тасты қабат, 4 – құрылыс ерітіндісі


А.23-сурет – Тасты беткі қабатты ішкі тас қабатының қалауына анкерленген металл консольдерге тіреу [33]

А.3 Қабырғалардың аражабындармен және жабындармен түйіндестіру




1 – аражабын, 2 – ішкі тасты қабат, 3 – жылытқыш, 4 – беткі тасты қабат,
5 - гидроокшаулау

А.24-сурет – Көп қабатты қабырғаларды аражабынмен түйіндестіру




1 – ішкі көтергіш тасты қабат, 2 – беткі тасты қабат, 3 – анкер, 4 – жылытқыш,
5 – ішкі қабаттың құрастырмалы маңдайшасы, 6 – беткі қабаттың құрастырмалы маңдайшасы,
8 – герметик, 9 – гидрооқшаулау, 10 – терезе ағаш шебері

А.25-сурет – Құрастырмалы-монолитті темірбетон аражабындарын терезе ойық аумағында көп қабатты қабырғамен түйінdestіру [9]




1 – ішкі қабырғаның тас қабаттары, 2 – құрастырмалы-монолитті аражабын,
3 – анкерлі байланыстар, 4 – дыбыс оқшаулағыш қабат

А.26-сурет – Ішкі көп қабатты қабырғаларды аражабындармен түйінdestіру [9]




1 – ішкі көтергіш тасты қабат, 2 – беткі тасты қабат, 3 – аражабынның темірбетонды плитасы, 4 – қатандықтың темірбетонды белдігі, 5 – балкон плитасы, 6 – қабырғаны термооқшаулау, 7 – балкон плитасын термооқшаулау

А.27-сурет – Қабатты тас қабырғаларды балкон плитасымен түйіндестіру [9]




1 – монолитті балкон плитасы, 2 – термооқшаулағыш қыстырма, 3 – монолитті аражабын, 4 – беткі тасты қабат, 5 – ішкі тасты қабат, 6 – термооқшаулау, 7 – қатты пенополиуретаннан жасалған қыстырма, 8 – арматура

А.28-сурет – Термооқшаулау қыстырмаларының көмегімен қабатты тас қабырғаларды балкон плитасымен түйіндестіру: а) – қабырғаның тік қимасы, б,в,г) – зауыт дайындаған термоқыстырмалар [35]




1 – беткі тасты қабат, 2 – жылытқыш, 3 – ішкі көтергіш тасты қабат,
4 – темірбетонды жабын плитасы, 5 – қаңылтыр

